

Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының авиациялық электрбайланыс туралы ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2003 жылғы 14 мамырдағы N 218 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 16 маусымда тіркелді. Тіркеу N 2363. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2010 жылғы 30 маусымдағы № 299 Бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2010.06.30 № 299 Бұйрығымен.

"Азаматтық авиация мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңына , "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20 желтоқсандағы Заң күші бар Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес бұйырамын:

1. Қоса берілген Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясының авиациялық электрбайланыс туралы ереже бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап осы бұйрық күшіне енеді.

Төраға

Қазақстан Республикасы
көлік және коммуникация
министрлігі азаматтық авиация
комитеті төрағасының
2003 жылғы 14 мамырдағы N 218
бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының авиациялық электрбайланыс туралы ережелері 1 тарау. Жалпы ережелері

1. Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының авиациялық электрбайланыс туралы ережелері (әрі қарай - Ережелер) электрбайланыс құрылымы мен оны ұйымдастыру принциптерін, байланыс жасау және қалыптастыру ережелерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясындағы электр байланыс құралдарын пайдалану тәртібін жүйелейді.

2. Осы Ережелердің талаптары мен баптары азаматтық авиация қызметкерлерімен таратылады және қамтамасыз етіледі және азаматтық авиация әуе кемелерінің ұшуларын қамтамасыз ету мақсатында, өз қызметінде авиациялық электр байланыс құралдарын пайдаланатын меншіктілік формасы әртүрлі барлық заңды және жеке тұлғаларға міндетті.

3. Осы Ережелерде пайдаланылатын негізгі анықтамалар:

1) абонент (желі пайдаланушы) - бекітілген индексі бар және электрбайланыс желісін өз қызметінде пайдаланушы мекеме немесе лауазым иесі;

2) авиациялық әуе электрбайланысы - борт пен авиациялық станциялардың немесе борттық станциялардың арасындағы радиобайланыс;

3) авиациялық орнықты станция - авиациялық әуе электрбайланысының құрлықтағы станциясы;

4) жер үстіндегі авиациялық электрбайланыс - негізінен аэронавигациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, сондай-ақ, әуе қатынасының жүйелілігін, тиімділігін және үнемділігін қамтамасыз етуге арналған белгілі бір тұрақты пункттердің арасындағы электрбайланыс;

5) авиациялық электрбайланыс - кез келген авиациялық мақсаттарға арналған электрбайланыс;

6) апат - нақты және тікелей қауіп туғызатын, жедел жәрдемді қажет ететін жағдай;

7) борттық станция - әуе кемесінің бортына орнатылған авиациялық әуе электрбайланысының жылжымалы станциясы;

8) азаматтық авиациядағы әуе қозғалыстары, ұшуда радиотехникалық қамтамасыз ету және электрбайланыс жұмыстарын өзінің құқықтары мөлшерінде ұйымдастырмайтын басқа ведомстволар-мекемелер;

9) индекс - телефон станциясындағы абоненттің нөмірі, авиациялық орнықты электрбайланыс желі (осыдан кейін - АОЭЖ) индексі, радиожелісі өзін танытатын шартты белгі белгіленген көрсеткіш;

10) электрбайланыс арнасы (тарату арнасы) - екі электрбайланыс станциясының арасындағы бірден-бір тікелей байланыс құралы болып табылатын техникалық құрылғылар және электрдабылдар мен радиодабылдардың таралу өрістерінің жиынтығы;

11) ұшу-пайдалану агенттігі - әуе кемелерін пайдаланумен немесе осы салада өз қызметін ұсынумен шұғылданатын тұлға, мекеме, ұйым;

12) медиктік-санитарлық көлік - құрлықта, суда немесе әуеде тек қана медиктік-санитарлық тасуларға арналған, толық құқықты, өкілетті мекемелердің, яки жанжалға қатысушылардың бақылауымен істелетін кез-келген, тұрақты немесе уақытша тасу көлігі;

13) авиациялық электр байланыс мекемесі - бір немесе бірнеше авиациялық

электрбайланыс станциясының пайдаланылуына жауап беретін мекеме;

14) "БЛИНДОМ" хабарлау белгісі - екі жақты байланыс жасай алмаған кезде, бірақ бұл кезде тапсырылатын станция қабылдау мүмкіншілігі бар болған жағдайда бір станциядан екінші станцияға хабарлау;

15) жер үстіндегі жылжымалы станция - алдын ала қарастырылмаған пункттерде тоқтаған немесе қозғалыс кезінде пайдалануға арналған, борттық станция болып табылмайтын авиациялық электрбайланыс станциясы;

16) радиотелефондық желісі - бір топтамадағы жиіліктерде жұмыс істейтін, сол жиіліктерді тыңдайтын, сондай-ақ, екі жақты байланыс пен "әуе-жер" трафикасын мүмкіндігінше сенімділікпен қамтамасыз ету үшін бір-біріне белгілі дәрежеде көмек көрсететін радиотелефондық авиациялық станциялардың тобы;

17) авиациялық орнықты электрбайланыс желісі (осыдан кейін AFTN) - жер бетіндегі авиациялық электрбайланыстарының бөлігі болып табылатын және AFTN) станцияларының арасында хабарлар алмасуға арналған авиациялық орнықты тізбектердің бүкіл әлемдік кешенді жүйесі. "Кешенді" деген сөзді осы желісіндегі барлық басқа станциялардағы көрсетілген желісі аумағында кез келген авиациялық электрбайланыстың хабар беру мүмкіндігін қамтамасыз ететін жұмыс режимі деп ұғу керек;

18) хабар - желісінен өтетін, осы желі белгілейтін форматы бар ақпарат;

19) авиациялық электрбайланыс станциясы - жер бетіндегі авиациялық электрбайланыс станциясы;

20) AFTN станциясы - авиациялық орнықты электрбайланыстар желісінің бір бөлімі болып табылатын, мемлекеттің рұқсатымен немесе бақылауымен жұмыс істейтін станция;

21) жеделхат - қалыптасқан үлгі бойынша жөнелтуші толтырған және желісіне жіберу үшін авиациялық электрбайланыс станциясына берілген құжат;

22) тізбек - екі станция арасындағы барлық төте арналарды қосатын байланыс жүйесі;

23) электрбайланыс - сым, радио, оптикалық немесе басқа да электрмагниттік жүйелер арқылы сәуле шығару, болмаса дабыл, белгі, жазбаша мәтін, бейнеленген файлдар, дыбыс қабылдау сияқты әр түрлі хабар тарататын байланыс желісі.

2 тарау. Авиациялық электрбайланысқа қойылатын талаптар

4. Азаматтық авиацияның (осыдан кейін АА) авиациялық электрбайланысы - электрбайланыс желісіне бір-бірімен өзара байланысқан орталықтардың,

станциялардың, жеке құрылымдардың, электрбайланыстың әр түрлі құралдарының жиынтығы. Авиациялық электрбайланыс құралдарының шартты белгілері осы Ережелердің 1-қосымшасында көрсетілген.

5. АА-ның электрбайланысы мынандай негізгі міндеттерді орындауды қамтамасыз етуге тиісті:

1) әуе қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен ретке келтіру және олардан хабар-ошар алып тұру, сондай-ақ ұшудың барлық сатыларынан хабар жеткізіп тұру мақсатында ӘҚБ орталықтары (пункттері) арқылы әуе кемелерінің экипаждарына нұсқау, жарлық, тапсырма және әр түрлі хабарлар беру;

2) ұшуды жоспарлау мен ұйымдастыру және әуе қозғалысын басқару ісінде әуе қозғалысын басқару орталықтарын (пункттерін) өзара әрекеттестіру, үйлестіру;

3) азаматтық авиацияның ұйымдары, ӘКП және ӘҚБ ұйымдар қызметтерін қолма-қол үйлестіру;

4) әкімшілік-басқарушылық және өндірістік ақпараттар беру;

5) азаматтық авиация автоматтандырылған басқару жүйесінің (осыдан кейін АБЖ) әр түрлі мәліметтерін беру.

6. Азаматтық авиацияның авиациялық электрбайланысына қойылатын негізгі талаптар:

1) уақтысында байланыс орнату (жасау);

2) байланыстың сенімділігі және үздіксіздігі;

3) ақпарат берудің қажетті жылдамдығын қамтамасыз ету;

4) ақпарат берудің талап етілген дәлдігін қамтамасыз ету;

5) ақпарат беру кезінде құпиялықты қамтамасыз ету;

6) мүмкіндігінше нәтижелілік және қызмет тиімділігі.

3 тарау. Авиациялық электрбайланыс құрылымы мен ұйымдастыруға қатысты негізгі ережелері

7. Қазақстан Республикасының авиациялық электрбайланысы (осыдан кейін АЭБ) үш бөлімге бөлінеді:

1) авиациялық әуе электрбайланысы;

2) авиациялық жер үстіндегі электрбайланысы;

3) авиациялық радиохабар тарату.

8. Авиациялық әуе электрбайланысы мыналар үшін ұйымдастырылады:

1) ӘҚБ орталықтарының (пункттерінің) диспетчерлері әуе кемелерінің экипаждарымен тікелей радиотелефондық байланыс жүргізу және барлық ұшу кезеңінде қозғалғаннан (рульдеуден) бастап қонғанға дейін және рульдеу соңына дейін мәліметтер беру үшін авиациялық байланыс ұйымдастырылады;

2) ӘҚБ орталықтары арқылы ұшып жүрген әуе кемесінің экипаждарымен радиотелефондық, радиотелеграфтық, сонымен бірге радиооператорлардың көмегімен байланыс жүргізу;

3) ӘҚБ орталықтары және апаттан құтқару қызметі арқылы әуе кемесінің экипаждарымен немесе апатқа ұшырағандармен байланыс жүргізу.

9. Авиациялық жер үсті электрбайланысы мыналар үшін ұйымдастырылады:

1) ӘҚБ орталықтарының (пункттерінің) әрекеттерінің үйлесуін қамтамасыз ету;

2) азаматтық авиацияның ұйымдары мен әуе кеңістігін пайдалану және ӘҚБ ұйымдарының қызметін үйлестіруді қамтамасыз ету;

3) өндірістік-диспетчерлік қызметтер мен азаматтық авиацияның әкімшілік басқару қызметшілерінің әрекетін қамтамасыз ету;

4) азаматтық авиация әуе кемелерінің ұшуларын қамтамасыз ету;

5) мәліметтерді беру.

10. Авиациялық радиохабар тарату мыналар үшін ұйымдастырылады:

1) оперативті ұшу-ақпараттық қызметінде ұшып жүрген әуе кемесінің экипаждарын хабардар ету;

2) әуеайлақ ауданында хабарларды автоматты түрде беру;

3) маршрутта жүрген әуе кемесінің экипаждарына ауа райы туралы хабарды автоматты түрде беру.

4 тарау. Авиациялық электрбайланыстарды ұйымдастыру жұмыстарына қатысты жалпы талаптар

11. Авиациялық электрбайланыс станцияларының жұмыс уақытын (сағатын) азаматтық авиацияның ұйымдарының, мекемелерінің (станция кімнің басқаруында болса, сол мекеменің) жетекшілері белгілейді.

12. Ұшудың аэронавигациялық ақпарат жинақтарында ол "жұмыс уақыты" - жәй жұмыс режимі көрсетілуі керек.

13. Егер авиациялық электрбайланыс органдарының (станцияларының) жұмыс уақыты мезгіл тәртібінің реттелуіне, сынақ жұмыстарының жүргізілуіне және аппаратураның ауыстырылуына, сондай-ақ әуежайындағы жұмыс уақытының өзгеруіне байланысты қалыптасқан режимнен өзгерсе, онда жұмыс уақытының өзгеруі басталғанға дейін бір жеті бұрын аэронавигациялық ақпарат жинағына қалыптасқан тәртіп бойынша өзгеріс ендіріледі және ол туралы хабарлама қағаз таратылады (осыдан кейін NOTAM).

14. Авиациялық электрбайланыс станциясы (әрі қарай - станция) өздерінің жұмыс сағатын ұшуды қамтамасыз етуге қажетті мөлшерде, яғни трафик бойынша қанша қажет болса, сонша мөлшерде жасап алады.

15. Өз жұмысын тоқтатар алдында станция бұл туралы өзі тікелей байланыс жасайтын барлық басқа станцияларды хабардар етеді; жұмыс сағатының мерзімін ұзартудың қажеті жоқ екендігін нақтылайды; егер оның әдеттегі жұмыс уақытынан ерекшелігі болса, қайта бастау жұмыс уақытын хабарлайды.

16. Станция желі құрамында тұрақты түрде жұмыс жасап, жалпы тізбекте қабылдау мен таратуды қамтамасыз етіп жүрген жағдайда ол өзінің жұмысын тоқтататындығы туралы ниетін бас станцияға (егер ондай станция бар болса) немесе осы желі шеңберіндегі барлық басқа станцияларға хабарлайды. Жұмысын 2 минут жалғастырып, егер осы уақыт аралығында ешқандай шақыру алмаса, содан кейін жұмысын тоқтата алады.

17. Тәулік бойы жұмыс істемейтін, апатқа, аяқ асты жағдайға, бақытсыздыққа қатысы бар немесе қатысуды жорамалдап отырған станция байланыс құралдарының тиісті қызметімен қамтамасыз ету үшін өзінің әдеттегі жұмыс сағатын (қызмет уақытын) жасап ала алады.

18. Авиациялық электрбайланыстың әрбір станциясы өз жұмысын осы Ережеде баяндалған талаптарға сай жүзеге асыруға тиісті.

19. Ол мынандай жағдайларда болады:

1) кейбір ережелердің бұзылуы қауіпті болып табылмайды, өйткені ол хат жазысу немесе жолығысу жолдары арқылы мүдделі жақтардың арасында тікелей байланыс жасау нәтижесінде түзетілуге тиісті;

2) станция қатерлі немесе бірнеше рет ереже бұзуға жол берді делік, мұндай жағдайда оны табушы өкілетті орган осы станция құрамына кіретін тиісті өкілетті органға бұл туралы түсініктеме жасайды;

3) осы тармақтың 1), 2) ішкі тармақшасында баяндалған іс-әрекет мынандай жағдайда да болады, егер байланыс станцияларының біреуі шет елдікі болса.

20. Авиациялық электрбайланыстың барлық станциялары дүниежүзілік үйлестіру уақытын (UTC) пайдалануға тиісті. Тәуліктің аяғы түн ортасы болып саналады, яғни 24.00, ал басы - 00.00.

21. Ерекшелік ретінде электрбайланыстың жергілікті желісінде осы желі үшін кесімді уақытты пайдалануға жол беріледі.

5 тарау. Авиациялық әуе электрбайланысына қатысты жалпы талаптар

22. Авиациялық әуе электрбайланысы мыналарды қамтамасыз етуге тиісті:

1) қозғалыс қызметі диспетчерлерінің әуе кемелерінің экипаждарымен ұшқаннан қонғанға дейінгі барлық ұшу аралығында тікелей радиотелефон байланысын үздіксіз жүргізу;

2) қозғалыс қызметі диспетчерлерінің ұшып жүрген әуе кемелерінің

экипаждарымен радиооператорлар арқылы радиотелефон байланысын жүргізу;

3) қозғалыс қызметі диспетчерлері (радиооператорлары) мен ұшып жүрген әуе кемелерінің экипаждары арасында радиотелеграфтық есту байланысын жүргізу ;

4) қозғалыс қызметі пункті диспетчерлері (радиобюро) мен әуе кемелерінің экипаждары арасында хабарлар алмасуға тұрақты түрде даяр болу;

5) байланыстың жоғары сапасы;

6) іздеусіз және бұрап келтірусіз байланыс;

7) әуе кемелерінің экипаждарына хабарларды айналымдық түрінде беру мүмкіндігі.

23. Авиациялық әуе электрбайланысы Қазақстан Республикасы әуе қозғалысы басқармасында қабылданған ұстанымдарға сәйкес ұйымдастырылады.

24. Авиациялық әуе электрбайланысы сертификацияланған (құрал-жабдықтар типіне сертификаты бар) электрбайланыс құралдары мен мәліметтер беруді пайдалана отырып ұйымдастырылуға тиісті.

25. Қабылданған әуе қозғалысын ұйымдастыру құрылымы негізінде әрбір ұйымдарда немесе ӘКП және ӘҚБ ұйымдарында авиациялық әуе электрбайланысын ұйымдастыру схемасы жасалынады.

26. Авиациялық әуе электрбайланыстарын ұйымдастыру үшін жоғары жиіліктер (осыдан кейін ЖЖ), өте жоғары жиіліктер (осыдан кейін ӨӨЖ) диапазонды радиобайланыс құралдарын және спутниктік байланыс пайдаланылады. ЖЖ диапазонды құралдар әуе кемелерінің экипаждарын қашық байланыспен қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ, ӨЖЖ радиобайланысы жоқ жерлерде ұшу аймағындағы байланыстар үшін пайдаланылады.

27. Қозғалыс қызметінің әрбір диспетчерлік пунктінде авиациялық әуе электрбайланысы құралдарының болуы, олардың радиомәліметтері, жұмыс режимдері әуе трассасы бойынша аэронавигациялық ақпараттар жинағына және Қазақстан Республикасы әуе кеңістігіндегі қамтамасыз ету радиотехникалық құралдарының уақыт тәртібіне (регламентіне) енгізіледі.

28. Авиациялық әуе электрбайланысы жоғары сенімділікке ие болуға тиісті. Әуе кемелерімен байланысты жоғалтып (үзіп) алу - ұшудағы ерекше жағдай деп есептелінеді. Егер радиобайланыс бар құралдарды пайдалануда 5 минут ішінде экипаж бірнеше рет қайталап шақырулардың ешқайсысына жауап бермесе, онда әуе кемелерімен радиобайланыс үзілген жағдайда оны қалпына келтіруге қатысты мүмкін болған шаралардың бәрін тез арада қолдану керек.

29. Авиациялық әуе электр байланысының сенімділігін арттыру үшін, қалыптасқан талапқа сай әрбір радиостанция желілерінің запас жасалуы керек.

30. Егер хабар беруге жердегі электрбайланысты пайдалануға болатын болса, ескертілген 37-тармақтан басқа тармақтарда авиациялық әуе электрбайланыстары жиіліктерінде хабар беру жүргізілмейді.

31. Авиациялық станцияны бір кезде бірнеше борттық станциялар шақырған жағдайда әуе кемелерімен байланыс орнату жөніндегі шешімді авиациялық орнықты станция қабылдайды.

32. Радиостанцияны бұрап келтіру (настройка) және тексеру үшін сынақ дабылдарын беру 10 секундтан аспауы керек, ол радиотелефон арқылы дауыспен берілетін цифрлардан (Бір, Екі, Үш т.б.) тұрады; содан кейін сынақ дабылдарын беретін радиошақыру станциясы жалғастырады.

33. Қажет болған жағдайда радиобайланыс қашықтығы мен үздіксіздігін арттыруға байланысты ұйымдастыру-техникалық шаралар жүргізілуге тиісті. Ондай шараларға мыналар жатады:

1) ұшу трассасына шығарылған ӨЖЖ диапазонды ретстанцияларды ұйымдастыру;

2) ӨЖЖ диапазонды радиобайланыс құралдарын орналастыру үшін биік жерлерді, биік құрылыстарды пайдалану;

3) күші жоғары және арнаулы антенна жүйесі бар ӨЖЖ диапазонды радиобайланыс құралдарын қолдану;

4) радиобайланыс пен спутниктік байланыстың жаңа құралдарын пайдалануға енгізу;

5) ӨЖЖ каналдары қабылдамаған (жоқ болған) немесе радиобайланыстың үздіксіздігі бұзылған жағдайда диспетчерлердің нұсқауын және экипаждардың хабарларын беру үшін ЖЖ каналдарды ұйымдастыру.

34. Авиациялық әуе электрбайланысын ұйымдастыру кезінде мыналар ескерілуі керек:

1) қолданылатын радиоқұралдардың тактикалық, техникалық мүмкіндіктері;

2) қолданылатын радиотехникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімділігі;

3) жиілікті таңдау;

4) радиотолқындардың өту жағдайы, атмосфералық, өнеркәсіптік және басқа да электрлік кедергілер, жұмыс процесі кезіндегі авиациялық әуе электрбайланыстарын жетілдіруге байланысты ұйымдастыру-техникалық шараларын өткізу мүмкіндігі.

35. ӨҚБ үшін әуе жолдары мен жергілікті диспетчерлік пункттердегі байланыстарды және авиациядағы әуе радио-байланыстарын ұйымдастырудың қалыптық схемасы осы Ережелермен бірге берілген осы Ережелердің 5-қосымшасында көрсетілген.

36. Аэродром ауданындағы ӘҚБ үшін авиациялық әуе радиобайланысын ұйымдастырудың қалыптық схемасы осы Ережелермен бірге берілген 6-қосымшада көрсетілген.

6 тарау. Авиациялық әуе электрбайланысында өңдеуден өткен хабарлар

37. Авиациялық әуе электрбайланысында өңделген хабарлар категориялары, байланыс орнату мен хабар таратудың кезек тәртібі, осы Ережелердің 14-қосымшасында көрсетілген.

38. Апат туралы хабарламалар осы Ережелердің 14 тарауында айтылған қағидаларға сәйкес өңдеуден өткізіледі.

39. Жедел хабарлар. Әуе кемелерінің қауіпсіздігіне немесе басқа да көлік құралдарына, сондай-ақ, бортта немесе көзге көрінерлік шамада болған (бірақ жедел жәрдем көрсетуді қажет етпейтін) белгілі бір адамдарға қатысы бар хабарлар.

40. Ұшу қауіпсіздігі туралы хабарлар мыналарды қамтиды:

1) қозғалысқа және басқаруға қатысты хабарлар мен [PANS- RAC (DOC 4444)] ;

2) ұшып жүрген әуе кемелеріне тікелей қатысы бар ұшу-пайдалану агенттігінде немесе әуе кемесінің бортында құрастырылған хабарлар;

3) ұшып жүрген немесе ұшуға даяр тұрған әуе кемелеріне тікелей қатысы бар метеорологиялық хабарлар туралы (жеке-жеке берілген немесе радиохабары ү ш і н а р н а л ғ а н) ;

4) ұшып жүрген немесе ұшуға даярланып жатқан әуе кемелеріне қатысы бар басқа да хабарлар.

41. Метеорологиялық хабарламалар - әуе кемелерінің бортынан немесе әуе кемелеріне осы Ережелердің 40 тармағының 3) ішкі тармақшасында көрсетілген ақпараттардан басқа метеорологиялық ақпараттар.

42. Ұшу жүйелілігі туралы хабарлар мынаны қамтиды:

1) әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігі мен ұшу жүйелілігін қамтамасыз етуде өте маңызды орын алатын құралдардың пайдаланылуы мен техникалық қызмет көрсетілуіне қатысты хабарлар;

2) әуе кемелерінің күтіміне қатысты хабарлар;

3) жолаушылар мен экипаж мүшелерінің қажеттілігіне орай әдеттегі күн кестесінің ауытқуынан туған өзгерістерге қатысты ұшу-пайдалану агенттігінің өкілдері берілген нұсқаулар;

4) жоспарланбаған қонуға қатысты хабарлар;

5) әуе кемелері үшін тығыз қажетті бөлшектер мен материалдарға қатысты

х а б а р л а р ;

б) күн кестесінің өзгеруіне қатысты хабарлар.

7 тарау. Әуеайлақтағы авиациялық әуе электрбайланысы

43. Әуеайлақтың аумағында авиациялық электрбайланысы осы әуеайлақ үшін қабылданған әуе қозғалысын басқарудың схемасына сәйкес жүргізіледі.

44. Әуеайлағының аумағында авиациялық әуе электрбайланыс ӨЖЖ диапазонындағы радиобайланыс құралдарын пайдалану арқылы іске асады.

45. Әуе қозғалысын басқару мен әуеайлағының аумағындағы байланысты қамтамасыз ету үшін мынандай радиожелі ұйымдастырылуы мүмкін:

1) а у м а қ ;

2) м ұ н а р а ;

3) жақындап келетін (секторлардың санына қарай);

4) а й н а л а т ы н ;

5) ұ ш а т ы н ж ә н е қ о н а т ы н ;

6) б ұ р а т ы н (ж ү р е т і н) ;

7) апаттан құтқаратын (ӘҚБ-ның жалпы барлық тармақтары үшін);

8) А Т И С ;

9) ВОЛМЕТ;

46. Қазақстан Республикасының әуеайлақтарын әуе кемелерінің қосымша қонатын жері ретінде пайдалану кезінде әуе айлақ аумағындағы ұшу басқармасының барлық ведомстволары ұшу, биіктік алу, қонуға кіру үшін маневр жасау кезеңдерінде ӘҚБ-ның бірыңғай әдістері мен жұмыс технологияларын және радиобағарласу сөзтіркесін қолдану арқылы іске асырады.

47. АА-ның қосымша қонатын жер ретінде пайдаланылатын А, Б және В класс әуеайлақтарында, сондай-ақ, бірлесіп тірек ететін, бірлесіп пайдаланатын әуеайлақтарда 124,0 МГц жиілікпен жұмыс істейтін ӨЖЖ диапазонды командалық мәрелік (қосымша) біртұтас радиобайланыс ұйымдастырылады.

48. Радиожелі бірлестігіне қатысты жүгіру, ұшу, қону және айналу ісі әуе қозғалысы басқармасы қабылдаған схемаларға және әуе кемелерінің қозғалыс қарқындылықтарына байланысты қозғалыс қызметі арқылы жүзеге асады; олар міндетті түрде осы әуе айлаққа арналған нұсқаулыққа және аэронавигациялық х а б а р л а р ж и н а ғы н а ж а з ы л а д ы .

Мұндай жағдайда радиобайланыстың біртұтас жиілігі белгіленеді.

8 Тарау. Әуе трассаларында және жергілікті әуе жолдарында авиациялық әуе электрбайланыстарын ұйымдастыру

49. Әуе трассаларындағы, жергілікті әуе жолдарында (осыдан кейін ЖӘЖ) авиациялық әуе электрбайланыс әрбір әуе трассасы мен ЖӘЖ үшін әуе қозғалысы басқармасы қалыптастырған схемаға сәйкес ұйымдастырылады.

50. Әуе трассаларында және жергілікті әуе жолдарында әуе қозғалысын басқаруды қамтамасыз ету ӨЖЖ және ЖЖ диапазондарындағы радиобайланыс құралдары арқылы жүзеге асады.

51. Әуе трассалары мен ЖӘЖ әуе қозғалысын басқаруды қамтамасыз етудің негізгі құралдары болып осы нақтылы жағдайда әуе кемелерінің ұшуын барынша терең басқаруды қамтамасыздандыратын сол диапазондардағы радиобайланыс құралдары есептелінеді.

52. Әуе қозғалысын басқаруды және әуе трассалары мен бірінші категориялы жергілікті әуе жолдарындағы байланысты қамтамасыз ету үшін мынандай радиожелілер ұйымдастырылады:

1) ӨЖЖ диапазонындағы әуе қозғалысы қызметінің аймағы (осыдан кейін ӘҚҚА) зонасын басқару үшін (секторлардың саны бойынша);

2) ЖЖ диапазоны ӘҚҚА зонасындағы әуе байланысы (ӨЖЖ-ны даламен қалқалау болмаған жағдайда);

3) ЖЖ диапазонындағы қашықтық байланысы;

4) ӨЖЖ диапазонындағы апаттан құтқару байланысы.

53. ӘҚҚА зонасындағы басқаруға арналған ӨЖЖ диапазонындағы радиожелінің саны берілген ӘҚҚА зонасында ұйымдастырылған секторлардың санымен анықталады. Метрлік радиотолқынның таралу ерекшелігін ескере отырып, ӘҚҚА-ның барлық зоналарында (секторларында) әуе қозғалысын басқарудың үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін, басқаруды ӘҚҚА диспетчерлері арқылы тікелей жүзеге асыруға тиісті бір немесе бірнеше ӨЖЖ ретрансляторлары ұйымдастырылуы мүмкін; сондай-ақ, көмекші аудандық орталық (осыдан кейін КАО) ұйымдастырылуы да мүмкін. ӨЖЖ жұмысы КАО ретранслятор мен радиостанцияларының ӘҚҚА диспетчерлері радиостанцияларының жиілігінде немесе жиіліктерді жылжыту, ауыстыру әдісі бойынша істелінуге тиісті.

54. ӘҚҚА аймағында авиациялық әуе байланысы үшін ЖЖ диапазондағы радиожелі ӘҚҚА диспетчерлерінің бірнешеуі үшін бір жиілікте, сондай-ақ " жиіліктер тобы" принципі бойынша ұйымдастырылуы мүмкін.

55. ЖЖ диапазоны алыс байланыстағы радиожелі алыс қашыққа арнаулы және халықаралық ұшуды орындайтын әуе кемелерінің экипаждарымен байланыс жасау үшін ұйымдастырылады.

56. Әуе трассаларымен алысқа ұшуды орындайтын әуе кемелерінің экипаждары мен ӘҚБ диспетчерлік пункттерінің арасындағы ЖЖ диапазонындағы қашық байланысты радиожелі Қазақстан Республикасын

азаматтық авиацияның өкілетті органының келісімімен ұйымдастырылуы мүмкін

57. ӨЖЖ диапазонында хабар беретін радиоканалдар әуе кемелерінің
э к и п а ж д а р ы м е н ж ә н е :

1) әуежайлар және авиакомпаниялар арасында - қажетті коммерциялық
х а б а р л а р а л у м а қ с а т ы н д а ;

2) авиациялық техникалық базамен (орталығымен) АТБ (АТО) - әуе кемелерінің материалды бөлшектерінің жағдайы хабарлар алу, қосымша жанар-жағар май құйып алатындығы және кейбір бөлшектерін ауыстыратындығы туралы мәлімдеу мақсатында байланыс үшін ұйымдастырылады.

58. Әуе қозғалысын басқаруды қамтамасыз етуге, екінші категориялы ЖӘЖ және ЖӘЖ аэродром аумақтарында мынандай радиожелілер ұйымдастырылады:

1) ӘҚБ және ЖӘЖ-бен байланыс;

2) ЖӘЖ аймағындағы ӘҚБ;

3) ЖӘЖ-дің әуеайлақтармен байланысы.

59. ЖӘЖ-дағы әуе қозғалысын басқару үшін радиожелі ұйымдастыру, ЖӘЖ әуеайлақтары аймақтарында ЖДП, ЖӘЖ жергілікті диспетчерлік пункті үшін ӘҚБ схемаларын жасап қою.

60. ЖӘЖ-да және ЖӘЖ әуеайлақтары аймағында әрбір ЖДП үшін әртүрлі жиіліктегі ЖЖ және ӨЖЖ диапазонды әуе қозғалысын басқару радиожелілері ұйымдастырылады.

9 тарау. Авиациялық жұмыстарды орындау кезіндегі электрбайланыс

61. Авиациялық жұмыстарды орындау кезінде авиациялық авиациялық электрбайланысты ұйымдастыру әуе кемелерінің ұшуын басқаруды қамтамасыз етудегі және авиациялық жұмыстар мен азаматтық авиация ұйымдардың өндірістік қызметтеріндегі орындалған міндеттердің сипатына сәйкес келуі қажет

62. Әуе кемелерінің ұшуын басқаруды қамтамасыз етуге электрбайланыстарының жұмыс істеп тұрған желілері (арналары) пайдаланылады. Қажет болған жағдайда электрбайланыстың жеке желілері (арналары) ұйымдастырыла алады; сондай-ақ тұрақты және уақытша (жедел) байланыс желінің, сонымен бірге басқа да мекемелердің, заңды және жеке тұлғалардың арендалық немесе абоненттік арналарын құру арқылы да ұйымдастыруға болады.

63. Әуе кемелерінің ұшуын электрбайланыспен қамтамасыз ету және ұйымдастыру схема және авиациялық жұмыстарды орындау үстінде авиациялық электрбайланысты ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асады. Авиациялық электрбайланысты ұйымдастырудың схема мен нұсқаулығын авиаұйымының немесе ӘКП және ӘҚБ ұйымдарының жетекшісі авиациялық жұмыстарды орындаушы авиакомпаниямен келісе отырып бекітеді.

64. Авиациялық жұмыстарды орындаудағы авиациялық электрбайланысты ұйымдастыру туралы нұсқауда мыналар көрсетіледі:

1) электрбайланыс желілері мен арналарының тізімі және олардың міндеттері ;

2) желілер мен арналардың радиомәліметтері;

3) жұмыс уақыты ;

4) әуе кемелерінің экипаждарын, жердегі тілшілерімен байланыс орнату ерекшеліктері.

65. Әуе кемелерінің экипаждарының тұрақты байланыс тораптары жоқ ұшуларды басқару пункттерімен тиянақты байланысын қамтамасыз ету үшін жылжымалы радиобайланыс тораптары пайдаланылады.

10 тарау. Апаттан құтқару және іздеу-құтқару жұмыстарына арналған апаттық электрбайланыс

66. Апаттық радиожелі әуе трассаларындағы ӘҚБ-ны қамтамасыз ететін диспетчерлік пункттері мен әуе айлақ аймақтары (аудандық орталық (осыдан кейін - АО), қосалқы аудандық орталық (осыдан кейін - ҚАО), жақындап келу диспетчерлік пункті (осыдан кейін - ЖДП), қондыру жүйесінің диспетчерлік пункті (осыдан кейін - ҚЖДП)) үшін немесе қозғалыс қызметі айқындайтын кез келген басқа да диспетчерлік пункттер үшін ұйымдастырылады.

67. Қозғалыс қызметтерінің диспетчерлік пункттері радиожелілерді үздіксіз тыңдаумен қамтамасыз ететін және әуе кемелерінің экипаждарымен байланыс жасауға мүмкіндік беретін құралдармен жабдықталады.

68. Апаттық радиожелілер сол үшін ұйымдастырылған диспетчерлік пункттердің жұмысы негізінде анықталған уақыт ішінде қызмет етеді.

69. Апаттық радиожелілер тек мына жағдайларда пайдаланылады:

1) негізгі радиожелілері мен хабар беру қиындағанда;

2) әуе кемелерімен, яғни қонуға мәжбүр болған және іздеу-құтқару операцияларымен айналысып жатқан әуе кемелерімен байланыс орнату қажет болғанда ;

3) борттық радиомаяктарды жұмыспен қамтамасыз етуде;

4) негізгі радиожеліде радиобайланыс үзілген кезде.

70. Әуе кемелерінің аралығында, сондай-ақ әуе кемелері мен іздеу-құтқару жұмыстарымен айналысып жатқан жердегі қызмет аралықтарында байланыс орнату үшін 123,1 МГц жиіліктегі қосымша радиожелі ұйымдастырылады.

11 тарау. Спутниктік байланыс

71. Спутниктік электрбайланыс ӘҚБ орталықтарының, электрбайланыс станцияларының әрекеттестіктерін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ ӘҚБ орталықтарының әуе кемелерімен байланысын ету үшін ұйымдастырады.

72. Спутниктік электрбайланыс, әдетте еліміздің қалыпты радиобайланысты пайдалану қиындаған немесе мүмкін болмаған аймақтарында пайдаланылады.

73. Спутниктік электрбайланыс мынандай жолдармен ұйымдастырылуы мүмкін:

- 1) байланыстың спутниктік каналдарын арендау;
- 2) жергілікті жүйелерді құру;
- 3) АА-ның спутниктік байланысының республикалық және халықаралық жүйелерін құру.

12 тарау. Әуе кемелеріне радиотелефондық байланыс орнату мен жүргізу ережелері

74. Азаматтық авиацияның радиотелефондық байланысы ӘҚБ қызметі диспетчерлерінің әуе кемелерінің экипаждарымен өзара қолма-қол әрекет жасау мақсатында ұйымдастырылады және жүзеге асады.

75. Радиотелефондық байланысты жүргізуге әуе кемелерінің экипаж мүшелері, ұшу жетекшілері, ӘҚБ қызметінің диспетчерлері, радиобюро радиооператорлары жіберіледі. Радиотелефондық байланысты жүргізуге жіберілген тұлғалар радиоалмастыру ережесін және азаматтық авиациядағы радиодан ашық хабарларға тыйым салынған хабарларды беруді білуге міндетті. Бұл ереже мен тізбені бұзғаны үшін олар жеке жауап береді. Радиотелефондық байланысты жүргізуге жіберілген жоғарыда аталған тұлғаларға рұқсат ету ісі сынақ алынғаннан кейін ұйым бастығының бұйрығымен жүргізіледі.

76. Қазақстан Республикасы территорияда радиотелефондық байланыс сол ережеде баяндалған заңдылықтар мен терминология бойынша орыс тілінде, ал халықаралық трассаларда ағылшын тілінде жүргізілуге тиісті.

77. Радиотелефон байланысын жүргізу кезінде эфир тәртібі қатаң түрде сақталынуға тиісті. Шақыру мен хабар беру қысқа, минутына 100 сөзден көп емес жылдамдықпен жүргізілуі керек. Шақырмас бұрын эфирді тыңдау және оның бос екендігіне көз жеткізу керек, мұндай жағдайда эфирде сөйлесуді жүргізіп отырған адамға шақыру кедергі келтірмейді. Бір радиостанцияны басқа

бірнеше станциялар шақырған кезде байланыс жүргізу тәртібін (ретін) шақырылған радиостанция анықтайды. Радиоалмасудың көлеміне қарай азаматтық авиация ұйым (ӘКП және ӘҚБ кәсіпорындары бойынша да) жете ісінің шешімімен радиооператорға екі және одан да көп ӘҚБ ЖЖ диапазонды радиожелілерде жұмыс істеуге рұқсат етеді.

78. Радиотелефон байланысының каналдарынан айтылуы қиын сөздер берілгенде немесе қандай да бір сөздің, белгінің дұрыс қабылдануы қиындық тудырған жағдайда радиотелефон байланысында сөздерді әріптермен жеткізу осы Ережелердің 10 және 11 қосымшаларға сәйкес олар жеке-жеке әріптермен берілуі керек.

13 тарау. Әуе кемелерімен байланысу ережелері

79. Әуе қозғалысын үздіксіз басқаруды қамтамасыз ету үшін барлық әуе кемелерінің экипаждары мен ӘҚБ пункттерінің диспетчерлері тиісті зоналар үшін, ӘҚБ секторлары үшін бөлінген және аэронавигациялық хабарлар жинағында көрсетілген радиотелефондық байланыс жиіліктерінде тұрақты түрде тыңдау жүргізуге және шақыруға тоқтаусыз жауап беруге міндетті.

80. Әуе кемелерінің радиотелефон байланысын орнату және жүргізу үшін АА-ның ӘҚБ қызметі диспетчерлік пункттерінің радиостанцияларына шақыру дабылдарының бірыңғай тұрақты бөліктері белгіленді:

- 1) "Орталық" - трассалардағы ӘҚБ үшін командалық радиостанцияларға;
- 2) "Бақылау" әуе трассалары мен олардан тыс ұшуларды байланыспен қамтамасыз ететін аудандық орталық (осыдан кейін АО), КАО, ӘҚБ-ның командалық радиостанциялары үшін;
- 3) "Радио" - ӘҚҚА, КАО, ішкі порттық байланыс (осыдан кейін - ІПБ) байланыс радиостанцияларына;
- 4) "Аудан" - жергілікті диспетчерлік пункті (осыдан кейін - ЖДП), шығарған жергілікті диспетчерлік пункті (осыдан кейін ДП) командалық радиостанциялар үшін ;
- 5) "Жақындау" - жақындау зоналары, ЖДП, командалық диспетчерлік пункті (осыдан кейін - КДП) командалық радиостанцияларға;
- 6) "Шеңбер" - ҚЖДП айналу зонасының командалық радиостанцияларына;
- 7) "Қону" - ҚЖДП қону зонасының командалық радиостанцияларына;
- 8) "Бастау" - бастаушы диспетчерлік пункті (осыдан кейін - БДП), бастаушы командалық пункті (осыдан кейін - БКП) командалық радиостанцияларына;
- 9) "Мұнара" - КДП, ЖӘЖ командалық радиостанцияларына;
- 10) "Жағалау" - рульдеу диспетчерлік пункті (осыдан кейін - РДП) командалық радиостанцияларына;

11) "Транзит" - кәсіпорынның өндірістік-диспетчерлік қызметі (КӨДҚ) байланыс радиостанцияларына;

12) "Ауа-райы" - ауа райы туралы хабар беретін радиостанцияларына.

81. Диспетчерлік пункттің толық шақырулары әуеайлақтық және тұрақты бөлік шақыруларының географиялық немесе шарттылық атауларынан тұрады.

Хабар берілгеннен кейін қабылдағанын растайтын "ТҮСІНДІМ - 85411" дегенді сөзбен береді.

82. Егер қабылдаған хабардың дұрыстығына күмәні болса экипаж немесе диспетчер (оператор) "қайталаңыз" деу арқылы хабар мәтінін толық немесе оның бір бөлігін қайтадан талап етуге оның бір бөлігін қайтадан талап етуге міндетті.

83. Әуе кемесі мен ӘҚБ пункті арасында екіжақты тұрақты радиотелефон байланысы орнатылғаннан кейін радиопікіралмасу формасын қысқартып пайдалануға рұқсат етіледі. Мұндай жағдайда диспетчерлік пункттердің шақырулары түсіріліп айтылуы, әуе кемесінің шақырулары соңғы үш цифрға дейін қысқартылуы мүмкін; сондай-ақ цифрлар мәні өлшем бірліктерінің атауларынсыз-ақ берілуі мүмкін.

84. Экипаждың бір радиожеліден екіншісіне (бір желіден екіншісіне) ауысуы өзі радиотелефон байланысын жасап отырған ӘҚБ диспетчерінің нұсқауынан немесе рұқсатынан кейін ғана іске аса алады.

85. Әуе кемесінің ӨЖЖ диапазонды ӘҚБ пункттерімен радиотелефон байланысы қамтамасыз етілмеген зоналарда ұшқанда әуе кемелерінің экипаждары олармен ЖЖ диапазонды радиостанциялар арқылы байланыс жасауға міндетті.

86. Әуе кемесімен (ӘҚБ пунктімен) екіжақты байланыс үзілген жағдайда байланыс үзілген әуе кемесіне хабар беру үшін экипаждар мен диспетчерлер осы радиожелілерімен байланысы бар басқа әуе кемелерімен жердегі радиостанцияларын пайдалануға тиісті.

87. Бір радиожеліде жұмыс істейтін әуе кемелерінің экипаждары мен жердегі радиостанциялары бұзылған жағдайда ӘҚБ диспетчерлік пункттермен радиобайланыс орнату және жүргізу мақсатында бір-біріне сұранысы бойынша жәрдем көрсетуге міндетті.

88. Әуе кемелерінің экипаждарына екіжақты радиобайланысты орнату мүмкін болмаған жағдайда ӘҚБ пункттерінің диспетчерлері мен радиооператорлары байланыс бұзылуының себебі көрсетіп көрсетілуі тиіс "Блиндом" қабылдауының растауынсыз-ақ хабар беруге міндетті. Мұндай хабар үш рет берілуге тиісті. Әуе кемесіне диспетчерлік рұқсат блиндомын беру ісі істелмейді.

89. Әуе кемесінің экипажымен байланыстың бұзылуы 5 минуттан артып кетсе, бұл ерекше жағдай болып есептелінеді. Ол туралы мүдірместен ұшу

жетекшісіне хабарлау керек және оны қайта қалыптастыру үшін шаралар қабылданылуы тиіс.

90. ЖӘЖ бойынша ұшу кезінде әуе-жер желілерінен диапазонында ЖӘЖ байланыстары араласып келген әуе кемелері экипаждарының радиотелефондық байланысы байланыстың басқа түрлерінің алдында басымдылыққа ие болады.

91. Шақырулар, жиіліктер, радиотелефон станцияларының ӘҚБ пункттерінің әуе кемелерімен байланыс жұмысының уақыты туралы мәліметтер аэронавигациялық хабарлар жинағында болады.

14 тарау. Қауіптік дабылдарын беру және қабылдау ережелері

92. Халықаралық апаттық жиілік ретінде ӘЖЖ-нің 121,5 МГц және 243 МГц, сондай-ақ 500 кГц, 2182 кГц, 8364 кГц жиіліктері пайдаланыла алады. 500 кГц пен 2182 кГц жиіліктері теңіздегі апаттан құтқару қызметі сұраған кезінде пайдаланылады.

93. Апатқа ұшыраған әуе кемелерінің экипаждары мен жолаушыларына дер кезінде көмек көрсету мақсатында АА-ның 1, 2 және 3 класс әуежайларында ӘҚБ диспетчерлерінің күшімен 121,5 МГц жиілікте тәулік бойы тыңдау ұйымдастырылады.

94. Апат болған жағдайда шақыру, егер әуе кемесінің экипажы керек деп тапса, осы уақытта пайдаланылып жүрген "әуе-жер" екі жақты байланысының жиілігінде немесе 121,5 МГц апаттық жиілігінде (радиотелефон байланысы болғанда) немесе авиациялық әуе электрбайланысының басқа да жиіліктерінде беріледі.

95. Апаттық дабыл және шақырыс келесі түрде беріледі:

1) радиотелеграфтық дабыл - телеграфтық есту байланысы бойынша берген к е з д е :

үш нүкте, үш сызықша және үш нүкте (... -- ...) тізбегінен тұратын, бір дабыл ретінде берілетін, "СОС" сөзі Морзе кодасында - үш рет беріледі;

"ДЕ" сөзі (халықаралық ұшулар кезінде "ДЕ");

2) радиотелефондық дабыл - телефондық байланыс бойынша берген кезде: "АПАТТЫҚ ЖАҒДАЙДАМЫН" (халықаралық ұшулар кезінде "MAYDAY") сөз орамы - 3 рет дыбысталады;

"МЕН" сөзі (халықаралық ұшулар кезінде "THIS IS");

апаттық жағдайдағы әуе кемесінің тану индексі - 3 рет дыбысталады.

96. Оның қабылданғаны туралы растық (қолдау) хабар алынғанға дейін дабыл қысқа интервалмен қайталана беруі керек.

97. Егер жағдай мүмкіндік берсе, қауіптілік дабылынан кейін апат туралы хабар тікелей берілуі керек.

98. Қауіптілік туралы хабар былайша беріледі:

1) Телефондық есту байланысы бойынша - радиотелеграфтық дабыл:
"СОС", ол бір дабыл ретінде - 3 рет берілетін ... -- ... тобынан тұрады;
"ДЕ" әріптерінің тіркесі - 1 рет;
апатқа ұшыраған шақырушы ӘК экипажы - 2 рет;
орын ендігі - 2 рет;
орын бойлығы - 2 рет;
УТС уақыты - 2 рет;
Зақымдану түрі және қажетті көмек - 1 рет;
әуе кемесінің командирі қабылдаған шешім және іздеу мен құтқаруға жәрдемі
тиетін басқа да мәліметтер - 1 рет;
"Қабылдаймын" сөзі - 1 рет;

2) Телефон байланысы арқылы берілгенде - радиотелефондық дабыл:
"Апатқа ұшырадым" фразасы (халықаралық ұшулар кезінде - "Мэйдей") - 3
р е т ;

Я әрпі (халықаралық ұшуларда - ИСИ) - 1 рет;
апатқа ұшыраған шақырушы ӘК экипажы - 2 рет;
орын ендігі - 2 рет;
орын бойлығы - 2 рет;
УТС уақыты - 2 рет;
зақымдану түрі және қажетті көмек - 1 рет;
ӘК командирі қабылдаған шешім және іздеу мен құтқаруға жәрдемі тиетін
басқа да мәліметтер - 1 рет;
"Қабылдаймын" сөзі - 1 рет.

99. Қауіптілік туралы әрбір хабардан кейін 1-2 минут ішінде қабылдауға
ауысу керек.

100. Азаматтық авиациядағы апат дабылы радиожелілерінің барлық
тілшілеріне жолданады, бірақ та апатқа ұшыраған әуе кемесінің экипажы ең
алдымен осы мезгілде міндетті түрде радиобайланыста тұруға тиісті Әуе
Қозғалысы Басқармасының (ӘҚБ) диспетчеріне хабар жолдап тұрғанын есте
ұстауы қажет.

101. Апат болған жағдайдағы шақыру барлық басқа берілімдерге (хабарларға)
қарағанда шексіз басымдылыққа ие болады.

102. Апат туралы хабар радиотелефондық алмасу кезінде баяу және анық
берілуі керек, радиотелеграфтық есту байланысы кезінде минутына 16 сөзден
артпайтын жылдамдықпен берілуі керек.

103. Егер әуе кемесінің апат туралы жіберген хабары немесе жедел хабары
қабылданғанын станция растамаса, онда оған басқа станциялар жәрдем етеді.

104. Әуе кемесінің апатқа ұшырағаны туралы хабарды қабылдаған немесе оның растығына көзі жеткен станция:

- 1) апат туралы хабарды қабылдағанын тез арада растайды;
- 2) байланысты басқаруды өз жауапкершілігіне алады, немесе жауапкершілікті анық және нақтылы түрде басқа станцияға береді де әуе кемесіне хабарлайды;
- 3) барлық қажетті хабарларды тездетіп беру үшін дереу іс әрекетке көшіп: әуе қозғалысын ұйымдастырудың (осыдан кейін ӘҚҰ) тиісті органына; алдын-ала қол жеткізген келісімге орай тиісті ұшу-пайдалану агенттігіне немесе оның өкіліне хабар береді.
- 4) егер қажет болса, бұл жиілікте олардың жұмыс істеуіне тыйым салынғандығы туралы басқа станцияларға ескертеді.

105. Апат туралы хабарды қабылдағанын растау мынандай нысанда беріледі:

- 1) радиотелефондық байланыс арқылы:
апат жөнінде хабар беруші әуе кемесінің үш рет айтылатын шақыруы;
үш рет айтылатын өз радиостанциясының шақыруы;
"АПАТҚА ҰШЫРАДЫМ ДАБЫЛЫН ҚАБЫЛДАҒАНЫМДЫ
РАСТАЙМЫН" сөзі;
- 2) радиотелефондық есту байланысы арқылы:
апат туралы хабар беруші үш рет беретін әуе кемесінің шақыруы;
"Д Е" сөзі;
қабылдағанын растайтын, үш рет берілген станцияның шақыруы;
RRR тобы (қабылдауды растау);

апат дабылы.

106. Апат туралы хабардың барлығы белгілі және апатқа ұшыраған станцияға өздері көмек бере алмайтын барлық станциялар осы жиіліктегі берілімді тоқтатады және апатқа ұшыраған әуе кемесіне көмек берілгендігі анық болғанға дейін эфирді тыңдауды жалғастыра береді.

107. Апат туралы хабар қабылдаған, бірақ оған қатыспаған кез келген радиостанция желілері экипаж бен қозғалыс қызметі диспетчерлерінің арасында байланыс орнатуға көмек көрсетуге міндетті.

108. Апат туралы хабар берілгендігінен хабардар станция осы жиілікте мына жағдайларда өз жұмыстарын жалғастыра алады:
апат жағдайы жоққа шығарылғанда;
байланысты басқарушы станция берілімге рұқсат бергенде ол өзі көмек көрсетуі тиіс.

109. Әуе кемесінде апаттың себебі күшін жойған жағдайда радиотелефондық байланыс арқылы "Апат алмасу аяқталды" деген сөзтіркеспен, ал радиотелеграфтық есту байланысы арқылы "ШУМ" деген кодтық айтылыспен экипаж апаттық жағдай жойылғаны туралы хабар беруге міндетті.

110. Апатқа ұшыраған әуе кемесінде жұмыс істейтін станция әуе кемесі ендігі жерде апаттық күйде емес екендігі белгілі болған жағдайда бұл туралы ол:

- 1) тиісті ӘҚҰ органына хабарлайды;
- 2) алдын ала қол жеткізілген келісім бойынша тиісті ұшу пайдалану агенттігіне немесе оның өкіліне хабар береді.

15 тарау. Шұғыл дабылдарды беру және қабылдау ережелері

111. Шұғыл дабыл шақырушы радиостанцияның әуе кемесі немесе басқа көлік құралдарының қауіпсіздігіне, сондай-ақ, бортта немесе көрінерлік шамада болған қандай да бір тұлғаға қатысы бар, бірақ шұғыл жәрдем көрсетуді талап етпейтін қауырт хабарлары барлығын көрсетеді.

112. Жедел хабардан бұрын 3 рет қайталанылатын, шұғылдығы РАН радиотелефондық дабыл болады.

113. Әуе кемесі жіберетін, шұғылдықтың жайын көрсететін хабарлар:

- 1) қазіргі уақытта пайдаланып жүрген "әуе-жер" жиілігінде беріледі;
- 2) анық айтылған төмендегі элементтердің қажетті мөлшері мүмкіндігінше мынандай ретпен қамтылады:

шұғылдығы "RAN" дабылы - 3 рет;
хабар бағытталған станция аты (диспетчерлік пункттің шақыруы);
әуе кемесінің танылым индексі (ӘК-нің шақыруы);
шұғылдық жағдайының сипаты (хабар беру себебі);
ӘК командирінің шешімі және экипаждың іс-әрекеті;
әуе кемесінің орналасқан орны;
ұшу биіктігі (эшелоны), бағыты және жылдамдығы;
кез келген басқа пайдалы хабарлар.

114. Жедел хабар берген станция немесе жедел хабарды бірінші болып қабылдаған станция:

- 1) апат туралы хабардың қабылданғандығын растайды;
- 2) барлық қажетті хабарларды тез беру үшін іркілместен іске кіріседі:
ӘҚҰ-дің тиісті органына хабарлайды;
алдын-ала қол жеткізген келісім бойынша тиісті ұшу-пайдалану агенттігіне немесе оның өкіліне хабар береді;
- 3) қажет болса, байланысты басқаруды жүзеге асырады.

115. Шұғыл хабар беруге кесір келтірмес үшін басқа барлық станциялар тиісті шара қолданады.

116. Шұғылдық дабыл апаттық жағдайға қатысты емес басқа барлық дабылдар мен хабарлардың алдында басымдылыққа ие.

117. Шұғыл дабылды естіген барлық әуе кемелері мен ӘҚБ пункттерінің радиостанциялары хабар беруді тоқтатады және шұғылдығы туралы хабарды ӘҚБ-ның тиісті пункті қабылдағанына, сондай-ақ, әуе кемелері мен олардың арасында екіжақты байланыс қалыптасқандығына көзі жеткенге дейін эфирді тыңдауды жалғастыруы тиіс.

118. Шұғыл хабарды қабылдаған, бірақ оған қатыспаған кез келген радиостанция желілері экипаж бен қозғалыс қызметі диспетчерлерінің арасында байланыс орнату ісіне көмек көрсетуге міндетті.

119. Егер әуе кемесіндегі шұғылдық жағдай жойылса, экипаж бұл туралы ӘҚБ пунктіне хабарлауға және "ШҰҒЫЛДЫҚ ХАБАР АЯҚТАЛДЫ" деген сөзтіркесті беруге міндетті.

120. Хабарландыру және таныстыру мақсатында медициналық-санитарлық көліктері үшін PAN МЭЙ-ДИИ-КАЛ (француздың "medical" беріледі; ол 3 рет қайталануы керек. Одан кейінгі хабар медициналық-санитарлық көліктің сапасына қатысты. Мұндай хабар мыналарды қамтиды:

1) шақыру немесе медициналық-санитарлық көлікті танудың қабылданған б а с қ а да к ұ р а л ы ;

2) медициналық-санитарлық көліктің тұрған жері;

3) медициналық-санитарлық көліктің нөмірі және түрі;

4) жол сапардың есептеу уақыты, сондай-ақ, ұшу мен ұшып келудің есепті у а қ ы т ы ;

5) кез келген басқа ақпараттар: ұшу биіктігі, радиожилікті қорғау, берілім тілі мен режимі, екінші шолу радиолокациясының коды.

16 тарау. Авиациялық жердегі электрбайланысты ұйымдастыруға қатысты талаптар. ӘҚБ пункттерінің (орталықтарының) әрекеттестігін қамтамасыз ететін электрбайланыс

121. ӘҚБ пункттерінің (орталықтарының) әрекеттестігін қамтамасыз ету үшін ӘҚБ пункттеріндегі диспетчерлерінің жұмыс орындарына төте немесе коммутаторлық қосу принципі бойынша қолма-қол байланыс аппараттарын орнату арқылы сөйлесу (телефондық) байланыс каналдарын ұйымдастырады.

122. ӘҚҚА (КАО) өзара байланыстыру үшін ӘҚБ қызметімен келісе отырып, 15 секундтан аспайтын уақытша байланыс орнатумен қамтамасыз ету шартымен сөйлесу байланысының коммутаторлық каналын пайдалануға болады.

123. Сөйлесу байланысы каналы ретінде әдетте тондық жиектегі байланыс каналы пайдаланылады. Тондық жиіліктегі байланыс каналдарын пайдалану

мүмкіндігі болмаған бағыттарда радиорелелік каналдарын, радиобайланыс каналдарын (желінің), спутниктік байланыс каналдарын, мәліметтер желі арқылы беруді ұйымдастырады.

124. Сөйлесу байланысының каналы ӘҚБ пункттерінің байланысты ұйымдастыру схема немесе жердегі байланысты ұйымдастыру және мәліметтерді әуе қозғалысын автоматтандырылған басқару жүйесіне (АБЖ) беру схемасына сәйкес ұйымдастырылады.

125. ӘҚҚА-ның авиациялық жердегі электрбайланысын ұйымдастырудың типтік схемасы осы Ережелердің 2-қосымшасында келтірілген.

126. ӘҚҚА-мен бірлестірілген аймақтық орталықтың (осыдан кейін - АО) авиациялық жердегі электрбайланысты ұйымдастырудың типтік схемасы осы Ережелердің 3-қосымшасында келтірілген.

127. Жергілікті диспетчерлік пунктінің (осыдан кейін ЖДП) авиациялық электрбайланысын ұйымдастырудың типтік схемасы осы Ережелердің 4-қосымшасында келтірілген.

17 тарау. Ішкі әуежайлық электрбайланыс

128. Ішкі әуежайлық электрбайланыс ӘҚБ органдарының, өндірістік қызметін қамтамасыз ету үшін және оларды өзара байланыстыру үшін ұйымдастырылады.

129. Ішкі әуежайлық электрбайланыс желі схема бойынша жердегі жылжымалы станциялардың радиобайланыс желілерін қоса алғанда азаматтық авиация ұйым қызметі (бөлімшелері) жасап, әуе айлақ аймағындағы электромагниттік үйлесімділік (осыдан кейін - ЭМУ) талаптарына жауап беретін және азаматтық авиация ұйымының жетекшісі бекіткен, электрбайланыстың сертификаттық (құрал-жабдықтар типтеріне сертификаттары бар) құралдарын, сондай-ақ мәліметтер деректерін пайдалана отырып ұйымдастырылады.

130. Ішкі әуежайлық электрбайланыс мыналармен қамтамасыз етуге тиіс:

1) ӘҚБ органдарының әуежай және авиакомпания қызметтеріне жоспарлау, әуе кемелерінің рейстеріне қызмет көрсету және даярлау, жүк тасуды ұйымдастыру, жолаушыларға қызмет көрсету сияқты істерді атқару үстінде тікелей жетекшілік ету мүмкіндігі;

2) ӘҚБ органдары мен әуежай қызметтерінің өзара байланысы, авиациялық оқиғалар мен қақтығыстардағы апаттан құтқару командаларының есебін х а б а р л а у ;

3) әуе көлігінің қызметін пайдаланушы азаматтық авиация ұйымдардың, жолаушылардың, басқа да тұлғалардың қажетті ақпараттар алуы.

131. Жалпы пайдаланылатын желіге қосылу тәртібі, жалпы пайдаланылатын желі трафикасына жіберуді реттеу тәртібі, ведомстволық желі мен жалпы

пайдаланылатын желі арасындағы байланыс тәртібі Қазақстан Республикасының байланыс туралы Заңымен және қосылуы іске асатын желі туралы тиісті Ережелерімен реттеледі.

132. Азаматтық авиация ұйымының жылжымалы жергілікті станциялары бар технологиялық радиобайланысы азаматтық авиация ұйым мен ӘКП және ӘҚБ ұйымдарының перрондағы жолаушыларға қызмет көрсетумен, әуе кемелерін әзірлеумен шұғылданатын, арнаулы автокөлік қозғалысы мен перрондық жылжымалы механизация құралдарын басқарумен айналысатын қызметкерлерді тікелей байланыспен қамтамасыз ету диапазоны аса күшті емес (5 Ваттқа дейін) стационарлық, тез және өндіріп істейтін, қолмен алып жүруге болатын ӨЖЖ-тегі радиостанциялардың күшімен ұйымдастырылады.

133. Ішкі әуежайлық радиобайланыс қызметтердің жұмыс технологиясына сәйкес ұйымдастырылуы тиіс.

134. Радиобайланысты ұйымдастырудың схемасын, радиостанциялардың саны мен типтерін азаматтық авиация ұйымының жетекшісі анықтайды.

135. ӘКП және ӘҚБ-дағы әрбір әуежайда компания және азаматтық авиация ұйымының қызметі үшін тиісті шақырылумен қамтамасыз етілген жеке радиожелі (радиобағыт) ұйымдастырылуы тиіс.

136. ӘКП мен ӘҚБ-дағы әрбір әуежайда, авиакомпанияда және азаматтық авиация ұйымда ішкі әуежайлық радиобайланыстың жалпы схемасы жасалуы керек. Онда радиостанциялардың типтері, олардың жиіліктері және орнатылған шақыруы бар барлық радиожелі (радиобағыт) бейнеленуі тиіс.

137. Радиобайланысты жүргізу осы Ереженің талаптарына, сондай-ақ АА-ның байланыс шептерінде ашық беруге рұқсат етілген мағлұматтардың тізіміне сай және басқа да жетекші құжаттар негізінде жүргізілуі тиісті.

138. Рұқсат етілмеген жиіліктерде және бекітілмеген шақырылуларда жұмыс істеуге қатаң түрде тыйым салынады.

139. Технологиялық, іздеу, апатты-құтқару жұмыс өндірісіне, табиғи апатты өткізуге радиотехникалық жабдықтармен байланыс құралдарын пайдалану (осыдан кейін - РТЖБП) қызметінің нысандарында жөнделу жұмыстары өндірісіне байланысты маңызды жағдайлардан басқа кезде, тасымалды радиостанцияларды азаматтық авиация ұйымының аумағынан шығаруға тиым салынады.

140. Радиостанцияның техникалық пайдалану тәртібін, оның ремонтын, жұмыс қабілеттілігін тексеруді, беру, алу, сақтау, есептеу жұмыстарын, қызметкерлердің радиостанцияда жұмыс істеуіне рұқсат алу мен жұмысқа жіберуді, сондай-ақ олардың жұмысына бақылау жасауды осы желіні пайдалану құқығына ие азаматтық авиация ұйым жасайды.

18 тарау. Әуе кемелерінің халықаралық ұшуларын қамтамасыз ететін электрбайланыс

141. Әуе кемелерінің халықаралық ұшуларын қамтамасыз ететін электрбайланыс мынандай мақсатта ұйымдастырылады:

- 1) Қазақстан Республикасының ӘҚБ-дағы және шет елдердегі өзара әрекеттес пункттерді (орталықтарды) сөйлесу байланысымен қамтамасыз ету;
- 2) аэронавигациялық ақпараттарды берумен және әуе кемелерінің ұшуы мен қозғалысын жоспарлауға байланысты ақпараттармен қамтамасыз ету;
- 3) мәліметтер беру;
- 4) ауа райы туралы хабарлар беру.

142. Қазақстан Республикасы ӘҚБ-ның тиісті пункттері (орталықтары) мен шет елдерді өзара байланыстыруды қамтамасыз ету үшін тікелей сөйлесу байланысының каналын ұйымдастыру керек.

143. Телефон арнасын ұйымдастыру кіндігі болмаған жағдайда басқа құралдармен (радиоарна, радиорелелік, спутниктік арналар) сөйлесу арналы ұйымдастырылуы мүмкін. Мұндай жағдайда байланыс жасау уақыты 15 секундтан артық болмауы керек.

144. Байланыстың сөйлесу арналары үшін резерв ретінде AFTN арналары, жалпы қолданыстағы халықаралық телефон байланыс желі басқа да байланыс желілерін пайдалануы мүмкін.

145. Өзара байланыс арналарын ұйымдастыру тәртібі мен оларды пайдалану тәртібін мүдделі жақтар анықтауға міндетті.

146. Екі жақ келісімге қолдарын қоюлары керек. Онда арналардың ашылу уақыты мен тәртібі, алдын ала тексеру жүргізу және арналарды сынақтан өткізу тәртібі, ӘҚБ-ның диспетчерлік пункттеріндегі (орталықтарындағы) арналарды пайдалану тәртібі, олардың жұмысына бақылау жасау, төлем, өзара есептесу, ӘҚБ-ның пункттеріне реквизиттер жасау немесе екі жақтың қабылдау пункті арнасы көрсетілуі тиіс.

147. Аэронавигациялық ақпарат және әуе кемелерінің ұшуы мен қозғалысына қатысты ақпарат AFTN арна бойынша беріледі.

148. Қазақстан Республикасы АА-сы мен басқа елдер әуе кемелерінің халықаралық ұшуына қажетті метеорологиялық ақпаратты қабылдау және беру ұшуды метеорологиямен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы заңына сай іске асады.

149. Авиакомпаниялар арасында коммерциялық және қызмет ақпаратының алмасуы AFTN желісінің каналдары және СИТА авиациялық электрбайланыс халықаралық қоғамының мәліметтерін беру арқылы, ТЕЛЕКС телефон байланысының халықаралық абоненттік желісі арқылы жүзеге аса алады.

150. Халықаралық желілер мен электрбайланыс жүйелерінің (AFTN, ТЕЛЕКС, ТЕЛЕФАКС) каналдарын пайдалану кезінде осы желілер үшін қабылданған электрбайланыс орнату және жүргізу ережелері сақталыну керек.

19 тарау. Басқа ведомстволардың басқару пункттерімен өзара әрекеттесуге арналған электрбайланыс

151. ӘҚБ орталықтарының басқа ведомстволардың басқару пункттерімен электрбайланысын ұйымдастыру осы Ережелердің 35, 36 тармақтарына сәйкес ұйымдастырылады.

152. ӘҚБ орталықтарының (пункттерінің) басқа ведомстволардың басқару пункттерімен байланыс арналарын пайдалану реті ҚР заңында көрсетілген ретпен анықталады.

153. Басқа ведомстволардың басқару пункттерімен байланыс арналары бар АӘҚБ (ҚАО) және азаматтық авиация басқа әуе айлақтарында арналардың жұмыс қабілеттілігі жүйелі түрде тексерілуі мен олардың сенімді жұмыс істеуі қамтамасыз етілуі керек.

20 тарау. Мәліметтерді беру желілері

154. Мәліметтерді беру желілері әртүрлі автоматтандырылған басқару жүйелеріне (әуе қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйелеріне - ӘҚ АБЖ, өндірістік-шаруашылық қызметтерін басқарудың автоматтандырылған жүйелеріне, әуе қозғалысын жоспарлауды басқарудың автоматтандырылған жүйелеріне (осыдан кейін - АЖ ӘҚБ), авиабилеттерді сату мен орынды брондауды басқарудың автоматтандырылған жүйелеріне, коммерциялық қызметпен басқа да функционалды АБЖ-ны басқарудың автоматтандырылған жүйелеріне дискретті ақпараттарды беру үшін ұйымдастырылады.

155. Мәліметтерді беру үшін мыналар пайдаланылады:

- 1) мәліметтер берудің авиациялық жер үсті байланыс торабы;
- 2) басқа да ведомстволардың, заңды және жеке тұлғалардың байланыс каналдары мен желілері.

156. Басқарудың автоматтандырылған жүйесін жобалау мен дайындауда АБЖ-ның мәліметтер беру арналарының типтері мен санын АБЖ-ның құрылымы мен оның мақсатына, мәліметтерді хабарлау желісінің (осыдан кейін - МХЖ) сенімділігіне қойылған талаптарға, сондай-ақ ең аз қаржылық шығынға орай мәліметтер беру желісінің жобасын дайындаушылар таңдайды.

21 тарау. Авиациялық орнықты электрбайланыс желісі

157. Авиациялық орнықты электрбайланыс желісі осы желі аумағындағы станциялардың арасында электрбайланыс хабарларын алмасуға арналады.

158. Желі халықаралық талаптарға сәйкес, AFTN ретрансляциялық станциялар жүйесін пайдалану негізінде құрылған.

159. Халықаралық трафика үшін желіде кіру/шығу нүктесі бар.

Желі тарамдалған-тарапты сұлба бойынша ұйымдастырылады және ол м ы н а л а р д а н қ ұ р а л а д ы :

- 1) коммутациялық хабарлардың негізгі орталықтары (осыдан кейін - КХНО);
- 2) хабарланған өңірлердің коммутациялық орталықтары (осыдан кейін - Х Ө К О) ;
- 3) хабарланған аймақтардың коммутациялық орталықтары (осыдан кейін - Х А К О) ;
- 4) коммутациялық хабарлардың шеткі орталықтары (осыдан кейін - КХШО);
- 5) AFTN шеткі станциялары (осыдан кейін ШС AFTN-нің).

160. Желілерді жоспарлау, дамыту, ұйымдастыру және басқару ісін әуе қозғалысын ұйымдастыратын, ұшу мен байланысты радиотехникалық құралдармен қамтамасыз ететін мемлекеттік кәсіпорындар жүзеге асырады.

161. Желіні тікелей басқаруды кәсіпорындағы коммутациялық хабарлардың негізгі орталығы жүзеге асырады.

162. Желіні ұйымдастыруға электрбайланыс желісін арендаға алған жалпы мемлекеттік каналдар мен азаматтық авиация ұйымдарының өзі ұйымдастырған электр байланыстың жеке каналдары пайдаланылады.

163. Байланыстың әрбір бағытындағы каналдардың (телеграфтық немесе мәліметтер берілімінің) түрлері мен саны ақпараттардың көлемімен, каналдардың жіберу қабілеттілігімен және айналып өтетін жолдарды ұйымдастыру қажеттілігімен анықталады.

164. AFTN станцияларының арасындағы сымдық немесе спутниктік каналдарда қор жасау үшін байланыстың барлық түрлері пайдаланылуы тиіс.

22 тарау. Авиация электрбайланысы станцияларында телеграмма (хабарлар) құрастыру, беру және жіберу

165. Авиациялық электр байланысының басқа желілерінде (AFTN желісінен басқасы) телеграмма (хабарлар) құрастыру, беру және жіберу сондай-ақ сөйлесу жүргізу осы Ережеге сәйкес.

166. Телеграммалар мен хабарлар бөлшектенеді:

- 1) олардың өңделуінің сатысына байланысты (станциядан өтуіне): шығатын - жіберушіден қабылдау және осы станциядан желіге жіберу; транзитті - осы станция арқылы өтетін және осында өңделетін;

кіруші - осы станцияға желіден келіп түскен және осы станцияда тұратын иелеріне жеткізуге жататын;

2) мекен жай иелеріне жазылғандарды жіберушінің құрастыруына байланысты:

бір адрес иесі - желінің бір адрес иесіне жіберілетін;
көп адрес иесі - желінің бірнеше адрес иесіне жіберілетін;
айналмалы - барлық станция желісіне жіберілетін;

3) мәтініне және өңдеу тәсіліне байланысты:
нысандалған - қатаң үлгі түріндегі мәтінде құрастырылған;

қарапайым түйсікке негізделген;

криптограммалар - бүркемелі хабарлар;

қызметші хабарлар - байланыс торабының жұмыс қабілетін тексеру үшін пікір алмасу хабарлары.

167. "Жедел" деген категориялы телеграммаларды беру кезегі желіде қалыптасқан кезекке сай жүзеге асырылады. Ал "Жедел" деген категориясы жоқ телеграммаларды беру кезегі телеграмманың станцияға берілген уақытымен анықталады.

168. Желіге хабарды беру мүмкіндігін анықтау мен мәтіннің дұрыс жазылу жауапкершілігі телеграмманы құрастырған жіберушіге жүктеледі. Станция қызметкерлеріне желіге беру үшін әкелінген телеграмманың мәтінін өзгертуге және түзетуге тиым салынады.

169. Станцияға беру үшін жіберуші даярлаған телеграмма әдіріс бөлімінен, шығу көзінен, мәтіннен және қызметтік мәліметтерден тұруы керек. Телеграмма осы желі үшін айқындалған талапқа сай орыс немесе латын әліпбиінде құрастырылуға тиісті.

170. Жеделхатты жіберу уақытында 6 цифрлі топ енеді:

"күні, уақыты, бірінші екі цифр күнін, айын, ал соңғы төртеуі сағаты мен минутын (UTC) көрсетеді. Уақыт 24 сағатпен есептелініп, белгіленеді.

Станция қызметкері бланкіде көрсетілген телеграмманың берілу уақытын, сәйкестігін тексеруі қажет. Уақыты сәйкес келмесе, станция қызметкері жіберушіден телеграмманың берілу уақытын өзгертуін талап етуі тиіс.

Жеделхатты жіберілу уақытын көрсетпей станцияға жеделхатты тапсыруға рұқсат етіледі. Бұл жағдайда жеделхаттың берілу уақытын станция қызметкері жазады және станцияның уақытымен сәйкестендіреді.

171. Жеделхат мәтіні қысқа, анық, қарапайым, жалпылама ұғынықты сөзтіркестерінен тұратын, және де азаматтық авиацияда қабылданған шартты немесе ұстанылған айтылымдармен желіде берілуге рұқсат етілген белгілер қолданылып құрастырылуы керек. Мәтін ұзақтығын және қажетіне қарай оны бірнеше телеграммаға бөлуді желі талаптары анықтайды. Желіде белгіленген

талаптар жоқ болса, онда мәтін ұзақтығын, оны бірнеше телеграммаға бөлуді AFTN желісі талаптары анықтайды (AFTN желісі бойынша басшылық - қараңыз) . Телеграммада орыс сөздерін латын әріптерімен жазу қажеттігі кезінде осы Ережелердің 7-қосымшасында сәйкестік кестені пайдаланады.

Радиотелефон желілері жұмысы кезінде мыналар ескерілуі тиіс:

1) сөздер мен сөйлемдер тандалып алынуы қажет, оларды радиотелефон каналдары арқылы бергенде, оптималды дәрежеде ыңғайлы болғаны және дұрыс түсінбеу себептерін тудырмағаны жөн;

2) альтернативті ұзақ немесе күрделі сөйлемдер болған жерде сөйлеу байланыс Щ-кодын пайдалану мүмкін;

3) жеделхат мәтінінде орыс немесе латын әліпбиін, AFTN торабында пайдаланылатын цифрлар мен белгілерді пайдалануға болады. Радиотелефон торабы арқылы берілген кезде ол белгілердің атауы айтылады.

172. Жіберу станциясы осы мақсатқа пайдалануға рұқсат етілген канал бойынша немесе жіберушіге бланкіде берілген телеграмаларды желіге жіберу үшін қабылдайды.

173. Бланкідегі телеграмма қағазда жазу парағының жартысынан кем емесі мөлшерінде немесе арнайы дайындалған бланкіде болуы тиіс. Ол сиямен немесе кара пастасымен қолдан әрбір белгісі бір мағыналы түсінік болып қабылданылады. Жіберушіге телеграмманың көшірмесі қажет болған жағдайда байланыс станциясына екі дана етіп беріледі.

174. Айтылған ережеге сәйкес келмейтін немесе анықтайтын жазылмаған жіберуші құрастырған жеделхатты станция өңдеуге қабылдамайды. Оның жетуі мен жеткізілуінің кешігу жауапкершілігі жіберушіге жүктеледі.

175. Жеделхаттың мәтіні соңында шек сызықтың астына қызмет жайындағы мәліметтер көрсетіледі:

1) жіберушінің лауазымы және фамилиясы, жіберушінің қол қоюымен к у ә л а н д ы р ы л а д ы ;

2) басқа да қызметтік жазулар, егер қажет болса (телеграмманы берушінің фамилиясы, телефоны, түзеткенді растау, түзетуді енгізушінің, жіберушінің, о р ы н д а у ш ы н ы ң қ о л қ о ю ы) ;

3) дата (күні, айы, жылы).

176. Егер телеграмманың мәтініне лауазымды адамның фамилиясы көрсетілген жағдайда, тек осы лауазымды адамға ғана телеграммаға қол қою құқығы беріледі. Егер телеграмманың мәтініне бірнеше фамилия көрсетілсе, онда шек сызығының астына телеграмманы жібергендердің қолдары қойылған болуы тиіс.

177. Станцияға берілетін телеграммаларға телеграммаға қол қою құқығы берілген лауазымды адамдар қол қоюы тиіс. Ұйымдарда "телеграммаларға қол

кою құқығына ие лауазымды адамдардың тізімі" болуы керек осы Ережелердің 15 қосымшасында көрсетілген, оны азаматтық авиация ұйым басшысы бекітеді. Бұл тізім станцияда болуға тиіс.

178. Жіберушінің жеделхатқа түзету енгізуге, қосымша жасауға, кідіруге немесе бергізбеуге құқығы бар. Бұл әрекеттің барлығы телеграмманың бланкісінде жіберушінің қол қоюымен расталуы қажет. Егер телеграмма беріліп кеткен жағдайда, онда жіберуші түзетуді енгізу, қосымша жасау, оны жоққа шығару үшін мәтіннің басталуында "ТҮЗЕТУ ҚАЙТАЛАНУЫ" деген жазуы бар басқа телеграмма беруі тиіс.

179. Станцияда өңдеуге қабылданған телеграммалардың түпнұсқасы жіберушіге қайтарылмайды.

180. Телеграмманы (хабарды) жіберген соң станция қызметкері бланкіге белгі қ о я д ы , м а з м ұ н ы :

- 1) желіге хабардың жіберілу уақыты;
- 2) станция қызметкерінің қолы.

181. Басқа желіден келген хабарларды жіберу қажеттігі кезінде ол бланкіде немесе осы мақсатқа пайдалану үшін рұқсат етілген канал бойынша станцияға беріледі. Бұл жағдайда, желіге осындай хабарларды жіберу кезінде алғашқы желінің атрибут форматы хабарланбайды.

182. Жеделхаттармен біртекті жеделдік индексі бар криптограммалар алғашқы кезекте беріледі.

23 тарау. Авиациялық жерүсті электрбайланыс станцияларында телеграмманы (хабарды) адресатқа жеткізу

183. Авиациялық жерүсті электрбайланыс станциясы өзі қызмет көрсететін аэроалаң шекарасы аумағында орналасқан адресатқа (адресаттарға), ал бұл шекара аумағынан тыс тек, әкімшіліктің арнайы келісімі негізінде анықталған адресаттарға хабар жеткізу үшін жауапты.

184. Хабар жеткізу мекемесінің желісі (торабы). Желісі (тораб) басқармасының талаптарына сәйкес іске асырылуы тиіс. Басқа желі (тораб) станцияларында осы ереже талаптары таралады.

Жеделхаттар (хабарлар) жазбаша немесе станцияның мекеме басшылығымен белгіленген үнемі пайдаланылатын басқа әдіс түрлерімен жеткізіледі. Ескерту: Хабар жеткізуде жазып алатын құрал-жабдықтары жоқ телефондық және дауыс зорайтқыш жүйе қолданылса жеткізілгендігін растау үшін оның жазбаша көшірмесін көрсету қажет.

185. Жеделхаттың көшірмесін алуға, оны адресінде көрсетілмеген басқа адамға тапсыруға тыйым салынады.

24 тарау. Авиациялық жер үсті радиобайланыс желілерін ұйымдастыру

186. Электр байланыстарының жер үсті желілерін ұйымдастыру мүмкіндігі болмай, бірақ оларды резервтеу қажет болса, ӘҚБ орталықтарының (бөлімшелерінің) өзара әрекеттестігін қамтамасыз ету үшін авиациялық жер үсті радиобайланысының желілері (арналары) ұйымдастырылуы тиіс.

187. Авиацияның жерүсті байланысының мынандай желілерін ұйымдастырылады :

1) ӘҚБ орталықтарының (бөлімшелерінің) өзара әрекеттестігінде радиобайланыстың бірыңғай желісі;

2) ӘҚБ орталықтарының (бөлім) өзара әрекеттестігінде радиобайланысының республикалық желісі;

3) радиобайланысының аймақтық желісі.

188. ӘҚБ орталықтарының (бөлімшелерінің) өзара әрекеттестігінің радиобайланысының бірыңғай желісі Қазақстан Республикасының ӘҚБ орталықтарының өзге мемлекет ӘҚБ орталықтарымен өзара әрекеттестігіне арналған.

189. ЖЖ радиобайланысының бірыңғай желісінің құрылымы және корреспонденттер құрамы заңдар тәртібімен анықталады.

190. ӘҚБ орталықтарының (бөлімшелерінің) өзара әрекеттестігінің ЖЖ радиобайланысының республикалық желісі Қазақстан Республикасының ӘҚБ орталықтарының (бөлімшелерінің) өзара әрекеттестігіне арналған. Аталған желі сондай-ақ азаматтық авиация мекемелерінде де пайдаланылады және әуе қозғалысын пункті (осыдан кейін - ӘҚП), ӘҚҰ, ӘҚБ орталықтарының (бөлімшелерінің) арасындағы электрбайланыс құралдарының басқа резервтері болып табылады .

Ол резерв ретінде тек қана басқа желілердің мүлде жоқ немесе істен шыққан жағдайларында қолданылады.

191. Республикалық желілердегі ЖЖ радиобайланыстың құрылымын (жетекші радиостанциялардың нұсқауымен), радиожелі тілшілерінің құрамын ӘҚҰ және ұшулармен байланыстың радиотехникалық құралдарын пайдалану жөніндегі мемлекеттік кәсіпорын анықталады.

192. ЖЖ радиобайланыстың аймақтық торабы аймақ территориясындағы кәсіпорындардың (кәсіпорын қызметтерінің) өзара әрекеттестігіне бағытталған.

193. ЖЖ радиобайланысының аймақтық желісінің құрылымын және радиожелінің тілшілерінің құрамын азаматтық авиация Комитетінің басшысы анықтайды.

194. ЖЖ радиобайланыс торабының жұмыс технологиясы осы Ережелермен анықталады.

25 тарау. Радиобайланыс орнату және жүргізу ережелері

195. Азаматтық авиацияның әуе кемелері мен корреспонденттердің арасындағы радиобайланыс осы Ереженің төмендегі тәртібі бойынша жүргізіледі :

- 1) радиобайланысты орнату;
- 2) телеграммаларды жіберу және қабылдау;
- 3) радиобайланыс арналарымен сөйлесулер жүргізу;
- 4) телеграмма жазу және радиобайланыстың есепке алу құжаттарын жүргізу.

196. Радиомекемелерге (жеке радиостанцияларда) радиобайланыс орнату және жүргізу үшін радиомәліметтер жиіліктері:

корреспонденттердің азимуттары, шақыру белгілері және радиожелілердің жұмыс кестесі болу керек.

197. Радиобайланыс жүргізу кезінде радиооператорлар радиобайланыс желісінің аппараттық журналын, осы Ережелерінің 8, 9 қосымшасында көрсетілгендей, жүргізу керек. Қабылданған хабарламалар ұқыпты, анық жазылуы шарт. Мәтін (сөз) топтары аралықтарымен бөлінуі керек.

198. Қызмет ететін радиожелілер мен радиобағыттар құрамына кіретін барлық әуе кемелерінің және жер үсті бөлімшелерінің радиостанциялары өздеріне белгіленген жиілікте үздіксіз тыңдау жүргізуге міндетті.

199. Радиожелі (бағыт) корреспонденттерінің арасындағы радиобайланысты тексеру үшін, әрбір 30 минут сайын радиооператорлар бақылау байланысын жүргізуге тиіс.

200. Радиобайланыстың сапасы тілшіден қолданатын мәтіннің (әріп, сан) естілуі және анықтылығы туралы сұраулар мен хабарламалар қабылдау кезінде анықталмайды. Байланыстың тұрақсыз жағдайында, антенналарды, жиіліктерді, аппаратураларды, алмастырғанда радиотаспа қуатын өзгерткенде, режимін ауыстырғанда естілуі мен анықтылығы туралы хабарламалар қажеттілікке байланысты беріледі.

201. Корреспонденттердің жұмысы өз желілерінде тыңдалмайтын кезде ғана радиобайланысқа шығу рұқсат етіледі.

202. Радиожелінің бас радиостанциясына тілшілердің жұмысына араласуға, оларды үзіп тастауға рұқсат етіледі. Ал басқа тілшілерге ондайға баруға қауіпсіздік, апат немесе шұғыл хабарламаларды жеткізу қажет болғанда ғана рұқсат етіледі.

203. Радиотелефондық желілер (бағыттар) арқылы сөйлесуге, радиостанцияны пайдалануға жауапты, мекеме басшылығы бекітіп, тізімге енгізген лауазым иелері жіберіледі. Радиотелефондық желілер арқылы сөйлесу жүргізуге жіберілген қызмет адамдары осы Ережелердің 28, 29 тарауларында мазмұндалған ережелерді білуі тиіс.

204. Бір радиооператор қызмет көрсететін радиобағыттардың, радиожелілердің санын, және сағатына 30 минуттан аспайтын радио арқылы пікір алмасудың жалпы уақытын тұрақты радиобайланысты қамтамасыз ету жағдайларына сәйкес мекеме басшысы анықтайды.

205. Радиооператорға радиожелімен (радиобағыттармен) жұмыс істеу кезінде телеграммалар мен хабарламаларды қабылдаудан бас тартуға тыйым салынады.

206. Бір радиожеліде жұмыс істейтін корреспонденттер байланысты орнатуда және хабар беруде бір-біріне көмек көрсетуге тиісті.

207. Егер радиооператор шақырылған станцияның шақыру белгілерінің дұрыстығына күмәнданса, онда ол радиотелеграфтық есту жұмысында "ШРЗ?" шартты белгісін пайдаланып, радиотелефондық жұмыста "Мен ... мені кім шақырады?" деген фразамен шақыруға дереу жауап беруі тиіс.

208. Бас радиостанция міндеттері:

1) радиожелі (радиобағыт) жұмыстарымен байланысты ұйымдастыру мәселелерін шешу, жиіліктер кестесін уақтылы әрекетке келтіру және күндізгіден түнгіге немесе керісінше резервті жиіліктерге көшуді бақылау;

2) желі радиостанцияларының ережелері мен радиобайланыс тәртібін, радиобайланыс жұмысында орнатылған режимді орындауды қадағалау, радиожелі мен радиобағыт жұмысын басқару және осы ережелер талабының орындалуын бақылауды жүзеге асыру.

209. Басты радиостанция құқықты: радиобайланыс жүргізу және радиотәртіп ережелерін бұзуды тез арада тоқтатуды желі хат алмасушыларынан (радиобағытының хат алмасушы) талап етуге.

210. Радиобайланыс жүргізу кезінде оперативтік және қызметтік пікір алмасулар жүзеге асырылады.

211. Шұғыл түрдегі пікір алмасуларға жеделхаттарды, дабылдарды, бұйрықтарды жіберу (қабылдау) азаматтық авиация ұйымдары әуе кемелерінің экипаждары мен диспетчерлерінің, радиооператорларының, лауазым адамдарының бір бірімен сөйлесулері кіреді.

212. Жұмыс кезіндегі радио арқылы сөйлесу радиобайланысты орнату және желі (бағыт) жұмысын қамтамасыз ету үшін жүргізіледі.

213. Радиооператорлар мен диспетчерлерге байланыс кестесіне енгізілмеген корреспонденттермен радиобайланыс орнатып, радио арқылы сөйлесуге үзілді-кесілді тыйым салынады.

214. Телеграммалар мен белгілер квитанциялы, квитанциясыз және қайта тексеру тәсілімен беріледі.

215. Радиоауысудың квитанциялы түрінде телеграммалар квитанциялармен куәландырылады (расталады).

Квитанциялар алынбаған телеграммалар жіберілмеген болып саналады. Квитанциясыз тәсілді қолдану туралы ескертілмеген жағдайда әрқашан корреспонденттердің квитанциялық тәсілмен телеграммалар қабылдауы қолданылады.

216. Егер радиооператорға радиостанцияны қалыпқа келтіру үшін сынақ белгілерін беру керек болса, онда ол белгілерді жіберу 10 секундтан аспауы керек.

Бұл белгілер радиотелефондық байланыс кезінде айтылу цифрларынан (бір, екі, үш т.б.) тұрады және радиотелеграфты есту жұмысында "ЖЖЖ" деген әріптер қатарынан қойылады. Олар сынақ дабылдарын беретін радиостанциялардың шақырылу белгілерімен расталады.

217. Радиобайланыс желілерінде жіберуге арналған жеделхаттар бланктерге толтырылады. Әуе кемелерінің қозғалысына қатысты жеделхаттар осы Ережелердің 250 тармағына сәйкес жіберіледі.

26 тарау. Радиотелеграфтық есту байланысын орнату және жүргізу ережелері

218. Радиобайланыс желілері мен бағыттарында радиотелеграфтық есту байланысы телеграфтың "Морзе әліппесі" арқылы жүзеге асады осы Ережелердің 8 қосымшасында көрсетілген.

219. Радиотелеграфтық есту байланысы қызметі радиопікірлесуді жүргізу үшін осы Ережелердің 9 қосымшасында көрсетілген Щ-кодты қолданады.

27-тарау. Радиотелеграфтық есту байланысын енгізу және оны орнату тәртібі

220. Корреспондент пен радиобайланыс орнату мынандай тәртіппен жүргізіледі:

- 1) шақырылатын радиостанцияның шақырылу дабылы - үш рет;
- 2) "ДЕ" сөзі - бір рет; қарамағымыздағы радиостанцияның шақырылу дабылы - екі рет;
- 3) "ЩСА"-ның кодтық айтылуы ("Менің дабылдарымның күші қаншалықты?") - бір рет;
- 4) "К" әрпі (жауапқа шақыру) - бір рет;
- 5) шақырылушы радиостанцияның тілшісінің шақырылу дабылы;

б) шақырушы радиостанцияның (өзінің) шақыру дабылы.

Тілшіні шақырудың көрсетілген реті байланыс жүргізудің жағдайларының өзгеруіне қарай қайталануы мүмкін.

221. Байланыс орнатылған соң (жұмыс кестесін сақтамағанда) өз карамағындағы радиостанцияның шақырылу дабылы бір рет беріледі.

Тілшіні шақыру хабарларының берілу жылдамдығы минутына 60-90 белгіден аспауы керек.

222. Шақыруға жауап келесі тәртіп бойынша беріледі:

1) шақырылушы радиостанцияның шақырылу дабылы - екі рет;

2) "ДЕ" сөзі - бір рет;

3) радиостанцияның өзінің шақыру дабылы - бір рет;

4) "ЩСА 5"-тің шартты сөзтіркесі - бір рет.

Дабылдардың естілу деңгейі радиооператорлардың бес баллдық жүйесімен бағаланады :

"1" - әрең естілетін (қабылданатын);

"2" - әлсіз естілетін;

"3" - естілуі қанағаттанарлық;

"4" - естілуі жақсы;

"5" - естілуі өте жақсы.

223. Бірнеше тілшілерін бір мезгілде радиожеліге шақырылуы, кез келген немесе қажетті ретпен берілетін радиожелілердің шақырылулары мен "ДЕ" сөзінен, өз қарауындағы радиожелінің шақырылу дабылынан және "К" әрпінен тұрады .

РЛПМ - радиостанциялық байланыстың екінші шақыру белгісі.

Бірдей уақытта шақырылған радиостанцияның байланыс корреспонденттерінің ішінен бірінші шақырылған корреспондент жауап береді.

224. Радиобайланыс корреспонденттердің барлық циркулярлық шақырулары үш дүркін "ЦЩ" кодтық сөйлемшесімен, "ДЕ" сөзі және өз радиостанциясының екі дүркін шақыру белгісінің берілуімен жүргізіледі.

225. Радиостанциямен радиобайланыс орнатылған соң, корреспондент үшін жедел хат бар болған жағдайда "ЩРЖ?" кодтық сөйлемшесі берілуі мүмкін. Сіз жеделхат қабылдауға дайынсыз ба? және "К" әрпі беріледі.

Корреспондент жедел хатты қабылдау туралы ұсынысы мақұлданған соң, қабылдау туралы келісімін "ЩРЖ" кодтық сөйлемшесімен және "К" әрпін береді .

226. Егер корреспондент ұсынылған жеделхатты қабылдауға дайын болмаса, онда "АС" ("Күтіңіз"), уақытын (қанша минуттан соң қабылданатынын) шартты сөзтіркеспен, "К" әрпін беруі тиіс.

227. Егер 1 минут ішінде шақырылған радиостанциядан жауап болмаған жағдайда, шақырылған радиостанция байланысының желісі бос болған жағдайда шақыру үш ретке дейін қайталанады. Үшінші рет жауап ала алмаған жағдайда, радиостанция операторы радиобюро бастығына баяндап, аппарат журналына жазады, содан кейін барып корреспондентпен радиобайланыс орнатуды жалғастырады. Басқа каналдардың байланыс орталығымен байланысы бар болған жағдайда, корреспонденттің шақыру сигналына жауап берілмеуінің, себебін сұрау керек.

228. Радиобағытта - байланыс тұрақты және естілуі жақсы болған жағдайда тиімді шақырылымы қысқаша жүргізіледі.

229. Жеделхатты жөнелту.

Жеделхаттар алдын ала ұсыныс беру мен қабылдауға келісім алумен және ол с ы з жү р г і з і л е д і .

Жеделхаттарды қабылдау ұсынысы келесі тәртіппен жүргізіледі:

- 1) шақырылатын радиостанцияның шақыру сигналы - бір рет;
- 2) "ДЕ" сөзі - бір рет;
- 3) өз карауындағы радиостанцияның шақыру сигналы - бір рет;
- 4) "ЩТЦ" кодтық сөйлемшесі ("... сіз үшін" жеделхат бар) - бір рет;
- 5) "К" хабарының аяқталу белгісі.

230. Жеделхатты қабылдауға ұсыныс алған радиостанция, қабылдауға келісімді келесі тәртіптер бойынша береді:

- 1) радиостанцияның өзінің шақыру сигналы - бір рет;
- 2) "ЩРЖ" (мен дайынмын) кодтық айтылуы немесе "ФА" ("жұмысты қайтадан бастаңыз") - бір рет;
- 3) "К" хабардың аяқталу белгісі.

231. Егер тілшіден жеделхат қабылдау жөнінде үш рет берілген ұсынысқа жауап алынбаса ерекше қажеттілік туған жағдайда радиооператордың жеделхатты ешкімнің келісімінсіз ақ (Блиндом әдісімен жөнелту) жіберуіне болады.

232. Радиобайланысты қалпына келтірген соң, келісімінсіз жіберілген жеделхатқа сұраныс жіберу керек.

233. Егер шақырылатын радиостанцияда хабар беру үшін категориялы жеделхат бар болса, онда ол жеделхаттардың категорияларын көрсете отырып қ а р а м а - қ а р с ы ұ с ы н ы с ж а с а ы д ы .

Өзара жұмыс істеуші корреспонденттердің бірдей категориялы жеделхаттары болса, олар бір-бірімен кезектесіп айырбас жасайды.

234. Корреспондентке жеделхаттың хабары аса қажет болған жағдайда, радио айырбас жасаушы, радиооператор, хабарды соңына дейін күтіп (тек айырбастың

соңына дейін емес) корреспондентті шақырып, жеделхаттың шұғыл категорияға сәйкес көрсетілгенін ұсынады.

235. Шұғылдықтың жоғары категориясына сәйкес жеделхатты қабылдауға ұсыныс алған радиоператор, осыған дейін өзімен айырбас жасаған корреспондентке "АС" ("Күт") кодтың қысқартуын беруге міндетті, ал шақырған радиостанция оны қабылдауға келісім береді.

Егер шақырылған радиостанция басқа радиостанциядан осындай категориялы жеделхатты қабылдаса немесе жіберсе, онда ол "ОК АС" (түсіндім, күтіңіз) деп жауап беріп, жеделхатты қабылдау мен хабарды аяқтап бірден қабылдауға келісім береді.

236. Радиостанцияға түсетін жеделхат осы ережелердің талаптарына сәйкес құрастырылып, белгіленген тәртіп бойынша жүйелі бірізділікпен берілуі тиіс.

237. Радиотелеграфтық есту байланысының торабы (бағыттары) арқылы берілетін жеделхаттар тақырыбынан (қажет болған жағдайда), мекен-жайының дерегінен, жіберуші туралы жолдардан және жеделхат мәтінінен тұрады.

1) Жеделхаттың аты мыналарды қамтуы керек:
жеделхат кіріспесіндегі КА-белгісінің тұруы;

хабарды білдіру үш әріптен тұрады, мұнда бірінші әріп радиостанцияға шақыру сигналын беруші болып табылады, екінші әріп - корреспондент шақырушы сигналының бірінші әрпі болса, үшінші әріп - хабар берілетін радиобайланыс торабының әріптік белгісін білдіреді;

радиобайланыстың осы желі бойынша жіберілетін жеделхаттың үш таңбалы н ө м е р р е т і .

Жеделхаттың нумерациясы күн сайын 00 сағатта 001 нөмірінен басталуы к е р е к .

2) Жеделхаттың мекен-жайы келесі тәртіптер бойынша құрастырылады және жіберіледі: бөлім белгісі, жеделхаттың шұғылдығының көрсеткіші; жіберушінің көрсеткіші - сегіз әріптік топ.

3) Егер жеделхаттың мекен-жайында пункттердің (әуежайлардың) ашық атауларын жіберуші (адресат) екі әріптік шартты белгімен көрсетсе, олар сол р е т і м е н б е р і л е д і .

4) Материалдардың жолы келесі тәртіптер бойынша құрастырылады және беріледі, үш белгілі топ, жеделхаттың жіберілу күні мен уақытын білдіреді; жіберушінің көрсеткіші (адресат көрсеткішінің формасы сияқты) - сегізәріптік топ немесе пункттің ашық атауларын білдіретін екі әріптік немесе төртәріптік шартты белгі; бөлім белгісі.

5) Жеделхаттың мәтіні жіберуші дайындаған хабарламаның мағыналық мазмұнынан тұрады.

238. Жеделхатты жіберу тәртібі:

1) Көп сөзді жеделхаттарды жіберу жағдайында дуплекстік радиобайланыстан соң, әрбір 25 топ (сөз) қабылданған сайын корреспонденттен қабылдау дұрыстығын (?) сұрау белгісімен тексеруге рұқсат беріледі. Ол үшін корреспондент қабылдаудың дұрыстығын "К" әрпімен растау керек. Содан кейін жеделхат жіберушіге "ИИ" қайталау белгісін береді және хат жіберушіге "ИИ" қайталау белгісін береді және көп сөзді жеделхат мәтінінің соңғы дұрыс берілген сөз тобын жіберуді жалғастырады. Егер корреспонденттен жіберілген жеделхаттың қайталануы қажет болса, онда жіберілудің аяқталуын білдіретін "К" белгісінің алдынан "РПТ" ("қайталау") кодтық сөйлемшесі беріледі.

2) Корреспондент келісімінсіз (симплекстік жұмыста) және квитанциясыз тәсілмен жіберілген жеделхат екі рет қайталанады. Әрбір жіберілу алдында шақырылатын радиостанцияның шақыру сигналын үш рет, өз радиостанциясын - екі рет, "ШТЦ" кодтық сөйлемшесі беріледі. Жіберілу аяқталарда жіберілудің аяқталғанын білдіретін "К" белгісінің орнына "АР" беріледі.

3) Егер жеделхат ұшу мерзіміндегі әуе кемесі адресіне жіберілетін және белгілі бір пункт арқылы жеткізілетін болса, онда адресаттың көрсеткіші сегіз топты әріппен жазылады, алдыңғы төрт әріп - жеделхатты бортқа жіберетін пункттің шартты белгісі, қалған төртеуі - "333Ъ" білдіреді.

4) Мұндай жағдайда адресатқа жіберілетін жедел хат мәтінінің бірінші жолында әуе кемесінің борттық нөмері (шартты шақыру) жазылады. Мұндай жеделхат "ТЧК" әріптерімен аяқталуы тиіс.

5) Ұшу мерзіміндегі әуе кемесінің бортында қабылданған жеделхат ары қарай жер бетіндегі авиациялық радиобайланыс желісі бойынша жіберіледі, онда қабылдау пунктінде белгіленген формат бойынша құрылуы тиіс. Мұндай жағдайда жіберушінің көрсеткіші жеделхатты қабылдаушы пункттің шартты төрт әріптік және қосымша "333Ъ" белгісін қамтуы тиіс. Әуе кемесінің борттық нөмері ("шартты шақыру") жеделхат мәтінінің бірінші жолында көрсетіледі, содан кейін "ТЧК" әріптері қойылады.

239. Жеделхат қабылдауды растау.

1) Әрбір қабылданған жеделхатты растау екі жақты радиобайланыстың квитанция түрінде беріледі. Радиостанция сұранысты күтпей-ақ квитанцияны беруі тиіс. Қабылданған жеделхатқа берілетін квитанция мынадай бірізділікпен ж ү р е д і :

кодтық сөйлемше "ЩСЛ" - бір рет;

жеделхат нөмірі - бір рет;

жіберілудің аяқталуын білдіретін "К" белгісі - бір рет.

2) Жеделхат қабылдау (жіберу) уақыты квитанцияны жіберу (алу) уақыты б о л ы п с а н а л а д ы .

3) Жеделхатты жіберуші радиостанцияның талабы бойынша, жеделхаттың қабылданғанын растау туралы қайта қайталау берілуі мүмкін. Қайта қайталау корреспонденттің жеделхаттың толық мәтінін беруімен жүргізіледі.

4) Жеделхатты алғаннан кейін радиооператор қайтадан тексеріп салыстырғанда, ауытқушылық тапса, оны түзету туралы корреспондентке айтуға міндетті. Корреспондент түзетуді алып, түзетілген топтарды (сөздерді) қайталайды, бұдан соң радиооператор жеделхатты жіберіп, "ЦФМ" кодтық сөйлемше арқылы жеделхатты қабылдаудың дұрыстығын растайды.

5) Жіберілген жеделхаттың мекенжайға тапсырылуын растауды "ШДЦ" кодтық сөйлемше арқылы сұрайды (N ... жеделхат адресатқа тапсырылды ма?) және жеделхат нөмірі көрсетіледі.

6) Адресатқа жеделхаттың тапсырылуын растайтын "ШДЦ" кодтық сөйлемшесі тапсырылған уақытты қоса көрсетеді.

7) Радио айырбастың квитанциясыз тәсілінде корреспонденттің жеделхатты қабылдағанын растауды басқа байланыс арналары арқылы жүргізеді.

240. Жеделхатты түзету мен қайталау:

1) Симплекстік радио байланысы кезінде жеделхаттарды қабылдағанда күдікті сөздер тобының астын радиооператор сызады да, ал сөздері түсіп қалған жерлерді сызықша арқылы белгілейді. Радиооператор жеделхатты қабылдап болған соң, кодтық сөйлемшелер арқылы күдікті және түсіп қалған сөздер тобын қайталап сұрайды "РПТ" ("қайталау"), "БН" ("Бәрі аралық ... және ...), АЛ (бәрі, жаңа ғана берілген), "АА" ("Бәрінен кейін ...), "АБ" (Бәрі алда...) және бәрін қайталау керек екенін көрсетеді. Егер радиооператор бірнеше жеделхатты қатарынан қабылдаса, жеделхат нөмірін көрсетуі керек.

2) Радиооператор корреспонденттен сұрап болған соң, көрсетілген мәтінді, топты қайталауға міндетті.

3) Дуплекстік және жартылай дуплекстік жұмыс кезінде қате жіберілсе қабылдау станциясының радиооператорлары шұғыл түрде нүкте сериясынан тұратын үзіліс белгісін беруі керек, ал станциядан хабар беруші радиооператор бұзылған белгілерді (әріптер, цифрлар) соңынан бастан дұрыс берілген топтарын қайталау керек.

4) Қажет болған жағдайда корреспондент осы Ережелердің қосымшасында көрсетілген кодтық сөйлемшелерді пайдалана отырып, қабылданған жеделхаттар мәтінін анықтауға сұраныс жасай алады.

5) Квитанция жіберілген соң қабылданған жеделхаттың мәтінінде қате табылса, жеделхатты қайталау туралы немесе оның бөлшегін белгіленген тәртіп бойынша дереу жасауға сұраныс беріледі.

Жеделхаттың мәтінін анықтау аса қажет болған жағдайда радиобайланыс желісі немесе сымдық байланыс бойынша корреспондентке қызметтік жеделхат жіберіледі.

241. AFTN желілердің каналынан түскен жеделхатты радиотелеграфтық естілу жүйесімен берілетін хабарлардың құранды бөліктері: баса, қысқартылған жолдар мен аяқталуы берілмейді.

1) Егер хабардағы мекен-жай жолында немесе индексінде жіберушінің белгісі болса, ондағы бесінші немесе алтыншы әріптің орнына "ЪБ" белгілері қолданған, ал олар радиотелеграфтық есту желісі бойынша берілмейді.

2) Мекен-жай жолына немесе жіберуші жолының орнына осы жеделхат мәтінінің басында көрсетілген пункттің ашық атауы мен адресаттық немесе жіберушінің шартты белгісі беріледі.

242. Айналымдық жеделхаттың жіберілуі:

1) Жіберуге жататын циркулярдың жеделхат белгіленген тәртіп бойынша бір бланкаға жазылады. Циркулярлық жеделхатты бастамас бұрын радиооператор радио желісіндегі корреспонденттердің радиоайырбаспен жұмыс істеп жатпағанына көз жеткізуі керек. Бұдан соң циркулярлық жеделхатты жіберу туралы радио желісі корреспонденттерді ескерту үшін циркулярлық шақыру берілуі, жеделхат жіберіледі.

2) Радиожелідегі корреспонденттерді жалпы циркулярлық шақыру "ЦЦ" кодтық сөйлемшеден тұрып, "ДЕ" сөзі үш рет беріледі. Радиостанцияның өзінің шақыру сигналы екі рет жіберіледі, "ЩТЦ" кодтық сөйлемше (сіз үшін жеделхатым бар) "К" хабардың аяқталу желісі.

3) Бұл шақыру бойынша радиожелідегі барлық корреспонденттер циркулярлық жеделхатты қабылдауға дайындалады.

